



**Инклюзивті білім беру жағдайында  
орыс мектептегі қазақ тілі мен  
әдебиеті сабағында қолданатын  
тапсырмалар жинағы  
(6-сыныпқа арналған)**

**Қостанай қ. 2023 ж.**

«Инклюзивті білім беру жағдайында орыс мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданатын тапсырмалар жинағы»

Құрастырған: **Ульжебаева Ләззат Кенжебаевна**, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №7 жалпы білім беретін мектебі» КММ, 2023 ж.

## Түсінік хат

Қазіргі уақытта даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе – инклюзивтік білім беру. Инклюзивтік білім мүгедек балаға өзінің құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Бүгін инклюзивті білім беру ерекше білім қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жетекші бағыт болып табылады және білім беру саласында өзіндік қажеттіліктері бар.

Инклюзивті білім - жалпыға бірдей білім беруді дамыту үдерісі, ол барлығына, оның ішінде ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға арналған білімге қолжетімділікті білдіреді. Инклюзивті білім берудің негізі - балаларды кемсітуді болдырмайтын және барлық адамдармен тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, сонымен бірге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қажетті жағдай жасайтын идеология.

Сондықтан, бүгінгі күні мұғалімдердің алдында қойылып отырған мақсат: даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп (интеграциялы түрінде) оқуын ұйымдастыру болып табылады. Осыған орай, әр мұғалім өз сабақтарында ЕБҚ оқушыларына ерекше назар аударып, жеке жұмыстарды ұйымдастырғаны жөн.

Ұсынылып отырған 6-сыныпқа арналған «Инклюзивті білім беру жағдайында орыс мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданатын тапсырмалар жинағы» жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған. Мұғалім қысқа мерзім жоспарды құрастыру барысында, уақытын үнемдеп, ұсынылып отырған тапсырмаларды сабақта, сабақтан тыс жұмыстарда да мүмкіндігінше бейімдеуге және қолдануға болады.

Жинақ негізгі орта білім беру деңгейінің 6-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес) негізінде құрастырылған. Бұл жинақ 13 бөлімнен тұрады. Әр бөлімдегі тапсырмалар "Қазақ тілі және әдебиеті" пәнінен 6- сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспарының тақырыптарына сәйкес әзірленді.

Берілген тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, білім деңгейін анықтайды, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды. Нәтижесінде, ЕБҚ оқушылардың тілдік дағдылары дамиды, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптасады, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйренеді.

## Мазмұны

Түсінік хат.....	3
<b>1.ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ. М.Әуезов «Абай жолы» романы.</b>	
1.1.Отан.....	4
1.2.Отбасы.....	
1.3. Мұхтар Әуезов-ғұлама жазушы.....	
1.4. «Абай жолы»романы.....	
1.5.Телғара.....	
1.6. Ана мейірімі.....	
1.7.Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	
<b>2.ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ.Ә.Дйсенбиев. «Бәтеңке,шұжық, балқаймақ»</b>	
2.1. Ауыл мен қала.....	
2.2. Ауыл-еңбек пен берекенің ошағы.....	
2.3. Ауылда жүз түрлі жұмыс бар.....	
2.4.Қала-мәдениет пен білімні ошағы.....	
2.5. Еліміздің ірі қалалары.....	
2.6. Ауыл мен қаланың тұрмыс-тіршілігі	
2.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	
<b>3. ТАУЛАР СЫРЫ. М.Мақатаев. «Мен таулықпын»</b>	
3.1.Таулар.....	
3.2. «Мен таулықпын».....	
3.3. Әлемдегі ең биік таулар.....	
3.4.Қазақстан таулары.....	
3.5.Қарқаралы.....	
3.6.Оқжетпес.....	
3.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	
<b>4. ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ БІЛЕМІЗ БЕ? М.Жұмабаев. «От»</b>	
4.1.Электр қуаты.....	
4.2.Болашақтың энергиясы.....	
4.3.Электр қуатын үнемдеу-басты қажеттілік.....	
4.4. «Өзім-күнмін,өзім-от».....	
4.5.Қуат көзі.....	
4.6.Электр шамдар.....	
4.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>5.АСТАНА-МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ. Ә.Ысқақ. «Күн ұлымын»</b>	
5.1.Ел жүрегі-Астана.....	
5.2.Театр мәдениетін сақтай білеміз бе?.....	
5.3.Менің өмірбаяным.....	
5.4.Кино әлемі.....	

5.5. Астана күні.....	
5.6. «Күн ұлымын»	
5.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>6. ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ. Ө.Тұрманжанов. «Қарлығаш, дәуіт, жылан»</b>	
6.1. Еліміздің қорықтары.....	
6.2. Табиғатты аялайық.....	
6.3. Құстар мен жануарлар әлемі.....	
6.4. Өсімдіктер әлемі.....	
6.5. «Қарлығаш, дәуіт, жылан».....	
6.6. Қызыл кітап және оның рөлі.....	
6.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>7. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ. А.Машанов. «Жер астына саяхат»</b>	
7.1. Мамандықтар.....	
7.2. Мамандық-кез келген мамандықтың атауы.....	
7.3. Саяхат.....	
7.4. «Жер астына саяхат».....	
7.5. Мамандықтың бәрі жақсы.....	
7.6. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>8. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ. Д.Досанов. «Жібек жолы»</b>	
8.1. Жібек жолы.....	
8.2. Тарихи жолдың атауы.....	
8.3. «Жібек жолы» романы.....	
8.4. Дешті Қыпшақ елінде.....	
8.5. Боран жолы.....	
8.6. Құт-береке дарыған өңір.....	
8.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>9. ЖЕР БАЛЫҒЫНА АЯУЛЫ КӨЗҚАРАС. Ш.Аймазов «Ана-Жер-Ана»</b>	
9.1. Жері байдың-елі бай.....	
9.2. Пайдалы қазбалар.....	
9.3. Менің елім.....	
9.4. «Ана-Жер-Ана».....	
9.5. Толғанай –аяулы бейне.....	
9.6. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>10. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ-ҚАЗАҚСТАН МАҚТАНЫШЫ. М.Әлімбаев «Шынықсаң, шымыр боласың»</b>	
10.1. Олимпиада.....	
10.2. Спорт түрлері.....	
10.3. Бірінші байлық-денсаулық.....	
10.4. Универсиада.....	
10.5. Жеңімпаздар.....	
10.6. «Шынықсаң, шымыр боласың».....	
10.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>11. АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА! А.Құнанбаев. «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс»</b>	

11.1.Абай	
11.2. «Құлақтан кіріп, бойды алар».....	
11.3. Табиғат лирикасы.....	
11.4.Күз-береке бастауы.....	
11.5. Қыс.....	
11.6. Жаз.....	
11.7. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>12.ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ. О.Бокей. «Апамның астауы» Ф.Оңғарсынова. «Оюлар»</b>	
12.1.Қазақ қолөнері.....	
12.2. «Апмның астауы».....	
12.3. «Оюлар».....	
12.4. Ұлттық қолөнер бұйымдары.....	
12.5.Өнер-таусылмас азық.....	
12.6. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	
<b>13-ТАҚЫРЫП: ӨЛКЕНІ СИПАТТАУ ӨНЕРІ.</b>	
13.1.Өлкені сипаттау өнері.....	
13.2.Туған жердің таланттары.....	
13.3.Туризм.....	
13.4.Шоқан зерттеулері.....	
13.5.Жоңғария очерктері.....	
13.6. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	

## 1-ТАҚЫРЫП: ОТАН ОТБАСЫННАН БАСТАЛАДЫ. М.ӘУЕЗОВ «АБАЙ ЖОЛЫ», «ҚАЙТҚАНДА» ТАРАУЫ (ҮЗІНДІ)

**Оқу мақсаттары:** тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау. Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау. Мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.



### **АЙТЫЛЫМ**

### Сабақ тақырыбы: Отан

**1- тапсырма. Керекті сөздерді қолданып, диалогты жалғастарыңыз.**

- Сен қай мемлекетте тұрасың?
- Мен ... мемлекетінде тұрамын.
- Сенің Отаның қай ел?
- Менің ... Қазақстан елі.
- Сенің Отанының жері қандай?
- Менің Отанымның жері ... .
- Біздің елдің табиғаты қандай?
- Біздің елдің табиғаты ... .
- Өсімдіктер, жануарлар көп пе?
- Өсімдіктер, жануарлар ... .
- Сіздің жеріңіз немен бай?
- Біздің жеріміз ... бай?



**Керекті сөздер:** кендермен, өте көп, Қазақстан, алуан түрлі, Отаным, кең –байтақ.

### **ОҚЫЛЫМ**

**2-тасырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

#### **Отан**

Көп ауызынан түспейтін  
Отан деген немене?  
Оның тұлға, түс- кейпін,  
Досым, білгің келе ме?

Отан- сенің ата-анаң,  
Отан- досың, бауырың,  
Отан-өлкең, астанаң,  
Отан – аудаң, ауылың.

Отан-тарих, отан – тіл,

Жасаған елің , ер халқың,  
Отан- өлкең, Отан- жыр,  
Көтерген көкке ел даңқын. (Б.Ысқақов)

### Сұрақтар:

1. Отан деген кім?
2. Отан деген не?
3. Қалай ел Отанымен мақтанады?



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Гүлде берілген сөздерден, «Отан» тақырыбына байланысты сөздерді теріп, сөйлем құрастырып жазыңыз.



### ТЫНДАЛЫМ

4-тапсырма . Мәтінді мұқият тындап, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Отан әдемі.  
Өсімдіктер  
Табиғаты

көп өседі.  
кең-байтақ.





## Сабақ тақырыбы:Отбасы

### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз. Тест тапсырмасын орындаңыз.

#### Менің отбасым

Менің атым- Әлихан. Мен алтыншы сыныпта оқимын. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, әпкем, ағам, інім және қарындасым бар. Атам мен әжем бұрын мұғалім болған. Олар көптеген шәкірт тәрбиелеген.Қазір екеуі де зейнеткер. Әкем-құрылысшы. Анам дәрігер болып жұмыс істейді. Ағам – жақында үйленді. Әпкем – студент. Інім екінші сыныпта оқиды. Ол кітап оқығанды жақсы көреді. Қарындасым төрт жаста, аты-Салтанат. Ол балабақшаға барады. Мен сурет салуды үйретемін.

#### Тест

1. Әлихан нешінші сыныпта оқиды?  
А) 3 В) 5 С) 6 Д) 4 Е) 1
2. Әлиханның отбасында неше адам бар?
3. А) 4 В) 5 С) 7 Д) 9 Е) 8
4. Атасы қайда жұмыс істейді?  
А) мұғалім В) құрылысшы С) дәрігер Д) зейнеткер Е) дүкеншік
5. Қарындасы неше жаста?  
А) 3 В) 5 С) 6 Д) 4 Е) 1
6. Қарындасына не үйретті?  
А) кәтап оқу В) сурет салу С) шахмат ойнау Д) ән айту Е) футбол ойнау



### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Берілген сөйлемдерді жалғастырып айтыңыз.

Менің атым ... . Мен ... сыныпта оқимын. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ..., ..., ... және қарындасым бар. Атам мен әжем бұрын ... болған. Қазір екеуі де ... . Әкем-... . Анам ... болып жұмыс істейді. Ағам – жақында ... . ... – студент. Інім ... сыныпта оқиды.. Қарындасым ... жаста, аты-Салтанат. Ол ... барады.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма.Қою қаріппен берілген сөздерге төменде берілген сөздерден синонимдер қатарын тауып жазыңыз.

#### Отбасы

Отан –отбасынан басталады.**Отбасы** – қастерлі ұғым. Отбасында ата мен әженің тәрбиесі ерекше. Ата- асқар тау.Олар **дана** адамдар. Әке –ер баланың тәрбиесіне жауапты болады. Әке – отбасының басшысы. **Ана** - мейірімді, адал жан. Ол отбасының тірегі. Отбасында ата мен әженің кеңесі өте маңызды.

**Синоним сөздер:** қасиетті, шеше, жанұя, ақылды.

4- тапсырма. Мәтін бойынша кесені толтырыңыз.

Отбасы мүшелері	Не істейді?
Ата	
Әже	
Әке	

## Сабақ тақырыбы: Мұхтар Әуезов -ғұлама жазушы



### АЙТЫЛЫМ

**1- тапсырма. Берілген жауаптардың дұрыс нұсқасын таңдап, сұхбатты оқыңыз.**

- Мұхтар Әуезов кім?
- Мұхтар Әуезов(сіретші, әнші, ғұлама жазушы).
- Қай жылы туған?
- 1847 жылы,1897 жылы, 1985 жылы) туған.
- Әкесінің аты кім?
- Әкесінің аты ( Абай, Сәкен, Омархан).
- Атасының аты кім?
- Атасының аты ( Абай, Әуз, Омархан).
- Мұхтар кімнің тәрбиесінде болған?
- Мұхтар (атасының, әжесінің, әкесінің, әпкесінің) тәрбиесінде болған.
- Атасы Мұхтардың сауатын немен ашқан?
- Атасы Мұхтардың сауатын (әліппемен, Абайдың өлеңдерімен, Ыбырайдың әңгімелерімен) ашқан.



### ОҚЫЛЫМ

**2- тапсырма.Мәтінді мұқият оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз.**

#### Мұхтар Әуезов -ғұлама жазушы

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуез де хат танушы сауатты адамдар болған. Мұхтар атасы Әуездің, әжесі Дінәсідің тәрбиесін көрген. Атасы Мұхтардың сауатын әліппемен емес, Абайдың өлеңдерімен ашқан. Ол жастайынан Абай өлеңдерін жаттап өскен. « Абай жолы» романын жазған. Мұхтар Әуезов -ғұлама жазушы. Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов атақты «Абай жолы» романың жазды. Осы роман арқылықазақ халқы мен Абайды бүкіл әлемге танытты. Мұхат Әуезовтің «Абай жолы» романы дүниежүзі халықтарының 116 тіліне аударылған.



### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тауып кестені толтырыңыз.**

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім



### ТЫНДАЛЫМ

**4-тапсырма. Мәтінді мұқият тындап, мазмұны бойынша жоспарды реттеңіз.**

**Жоспар**

1. ....2.....3.....4.....



## Сабақ тақырыбы: «Абай жолы» романы

### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді оқы. Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін тексер.



#### Қайтқанда

Абай жолдасынан бұрын аттан түсті. Ең бірінші шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

- Балам, әуелі әкене сәлем бер! – деді.
- Анадай жерде, қонақүйдің сыртында әкесі Құнанбай тұр екен. Абай әкесінің қасына келіп сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлем берді де, қысқа қана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап:
  - Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың –ау! Молда болдың ба? Бойындай болып білімін де өсті ме?- деді.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Абай жолдасынан кеш аттан түсті.		
Ең бірінші шешесіне сәлем берді.		
- Балам, әуелі әкене сәлем бер! – деді шешесі.		
Абай әкесінің қасына келіп сәлем берді.		
Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың –ау! Мұғалім болдың ба?		



### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді қолдана отырып, мәтіннің мазмұнын айт.

Тірек сөздер: Абай, шешесін, сәлем, Құнанбай, амандық, бала, молда.



### ЖАЗЫЛЫМ

1- тапсырма. Берілген керекті сөздерді қолдана отырып, кейіпкерлерге мінездеме беріңіз.

Бала Абай	Құнанбай әкесі	Ұлжан анасы

*Керекті сөздер:* мейірімді, ақылды, сыпайы, қатал, дана, қатыгез, білімді.

## Сабақ тақырыбы: Әке көрген оқ жанар



### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп алыңыз. Мәтіндегі тірек сөздерді айтыңыз.



Әке мен бала

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп баласына айтты:

- Анау тағаны, балам, ала жүр, — деді әке.

Бала әкесіне:

- Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, — деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі илиіп алды да, жүре берді. ....

. Одан біраз жер өткен соң шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. .... Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, сонан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, балласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. — деді.

### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Берілген мақалдарды жалғастырып айтыңыз.

1	Әкесінің баласы -	а	ұл өсер.
2	Адамның баласы -	ә	арлы бала.
3	Әкеге қарап,	в	адамның дұшпаны.
4	Бала -	с	көңілдің гүлі.
5	Әдепті бала -	д	бауырың.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Керекті сөздерді қолданып, кластер толтырыңыз.



**Керекті сөздер:** қатал, сыпайы, қамқоршы, берік, адал, қорғаушы, қорқақ, еңбекқор, жалқау, өтірікші.

## Сабақ тақырыбы: Телғара



### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

#### Телғара

- Қалашылар, қалашылар келеді!
- Анау Абай ғой! Апасына айтайыншы! – деді бір қарт әйел.
- Телғара ғой мынау, Телғара! – деп ұмтылды бір жас әйел.

Шешесі Ұлжан осы күнді күткен.

Кезек шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, маңдайынан иіскеді. Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше бір жақындық білінеді.

- Әжене бар! – деп, үлкен үйге қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере таяғына сүйеніп тұр екен. Жаман немене, маған бұрын келмей, әкене кеттің- ау!- деп ұрысып тұр екен. Немересі барғанда: - қарашығым, қонырым, қозым... Абай, жаным – деп жылауға айналып кетті... .

#### Сұрақтар:

1. Қаладан кім келді?
2. Абайдың келе жатқанын кім көрді?
3. Шешесі ұлын қалай қарсы алды?
4. Әжесі Абайға қалай реңжіді ?
5. Әжесі Абайды қалай еркелетеді?



### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып оқыңыз.

- Қалашылар, ... келеді!
- Анау Абай ғой! Апасына айтайыншы! – деді бір .... әйел.

Шешесі ... осы күнді күткен. Кезек шешесіне келгенде, ол ... жоқ.

Әжене бар! – деп, үлкен ... қарай бұрып жіберді.

Жаман немене, маған бұрын келмей, ... кеттің- ау!- деп ұрысып тұр екен. Абай, ... – деп жылауға айналып кетті... .



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Адасқан әріп» ойыны. Мәтінде кездесетін сөздерді есіне түсіріп, әріптерден сөздер құрастыр.

*Мысалы, Ұнжал - Ұлжан*

Байа, ғатлер, ақтр, жәе, ешеш, озқмы, обқтанаым, ернеме.



## Сабақ тақырыбы: Ана мейірімі

### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып айтыңыз.

#### Ана мейірімі

Құнанбайдан кейінгі екінші үлкен тұлға, Абайды асылды дүниеге әкелген ардақты ана – Ұлжан. Ұлжан – ұстамды, ақылды, мейірімді, дана ана болған. Анасы Ұлжан баласына көп көңіл бөлген. Анасы әңгіме, өлеңсөздер, ертегілерді білетін, ескі жырларды, айтыстарды жатқа айтып беретін.

*Сөйлемдер: Ұлжан кейінгі Құнанбайдан тұлға екінші үлкен, ана ардақты. Ұлжан болған – ұстамды, ақылды, ана мейірімді, дана. Анасы көп Ұлжан бөлген баласына көңіл. Анасы білетін әңгіме, өлеңсөздер, ертегілерді, ескі жатқа жырларды, айтыстарды айтып беретін.*



### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөйлемдерді мәтін мазмұны бойынша ретімен қойып, әңгімелеп беріңіз.

Ұлжан – ұстамды, ақылды, мейірімді, дана ана болған. Анасы әңгіме, өлеңсөздер, ертегілерді білетін, ескі жырларды, айтыстарды жатқа айтып беретін. Анасы Ұлжан баласына көп көңіл бөлген. Құнанбайдан кейінгі екінші үлкен тұлға, Абайды асылды дүниеге әкелген ардақты ана – Ұлжан.



### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып, көп нүктенің орнына керекті қосымшаларды жалғаңыз.

**Еске түсіру!**

**Жекеше**

1-жақ. Менің әкем (-ым, -ім, -м)

2-жақ. Сенің әкең (-ың, ің, -ң)

Сіздің әкеңіз (-ыңыз, -іңіз, -ңыз)

3-жақ. Оның әкесі (-сы, -сі, -ы, -і)

**Көпше**

1-жақ. Біздің әкеміз (-ымыз, -іміз, -мыз, -міз)

2-жақ. Сендердің әкелерің (-тарың, -терің, -дарың, -дерің, -ларың, -лерің)

Сіздердің әкелеріңіз (-тарңыз, -теріңіз, -дарыңыз, -деріңіз, -ларыңыз, -леріңіз)

3-жақ. Олардың әкесі (-сы, -сі, -ы, -і)

Дүниеде ең тәтті – ана... сүті. Дүниеде ең тәтті – ананың алақан... . Ақ сүт берген, әлпештеген анаш... , сіз мен үшін әлемдегі ең жақын адам... . Сіздің балаларыңыз ... деген ана махаббат... шексіз.

Аяулы ана... , мен өзімді бақытты... деп санаймын, себебі анасы бар адамда – бақытты адам... . Анаш..., сіз мен үшін қамқоршым... , ақылшым ... , тәрбиешім ... .

Аяулы анам, кей кезде ренжітсе ..., кешірім сұрай... .

Жан ана... , ақ ана... , ардақты ана... , менің тілеу..., арман... – әрқашан сіздің жадыраған жүзіңізді көріп, сіздің алдыңыздағы борышы... ды өтемін.

## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



### ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Сөйлемді жалғастырыңыз.

*Отан сенің ...*

А) ақылың В) жазушың С) өмірің Д) ата-анаң Е) досың

2. «Отан» өлеңін кім жазды?

А) Абай В) М.Жұмабаев С) Б.Ысқақов Д) І.Жансүгіров Е) Ш.Уәлиханов

3. «Бауыр» сөзінің синонимі ?

А) ұлт В) қала С) мектеп Д) өмір Е) туыс

4. Мақалды жалғастыр. «Отанды сүй - отбасынан ...» .

А) аяқталады В) жиналады С) көреді Д) басталады Е) аяқталады

5. «Қастерлі» сөзінің синонимі?

А) құрметті В) әдемі С) қасиетті Д) ұлы Е) бай

6. Сөйлемнің ішінде деректі зат есімді көрсетіңіз.

*Мектеп ауласында балалар ойнап жүр.*

А) аула В) балалар С) ойнап Д) мектеп Е) жүр

7. Мұхтар Омарханұлы Әуезов қай жылы, қайда туған?

А) 1897 жылы, Шығыс Қазақстан облысы В) 1885 жылы, Батыс Қазақстан облысы

С) 1874 жылы, Алматы облысы Д) 1899 жылы, Қызылорда облысы Е) 1956 жылы, Қостанай облысы

## 2-ТАҚЫРЫП: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС- ТІРШІЛІГІ. Ә. ДҮЙСЕНБИЕВ «БӘТЕҢКЕ, ШҰЖЫҚ, БАЛҚАЙМАҚ» ӨЛЕҢІ

**Оқу мақсаттары:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу. Жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу. Лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану.

### Сабақ тақырыбы: Ауыл мен қала

#### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, әр азатжолға тақырып қой.**

Биыл жазда атам мен әжемнің ауылына демалуға бардық. Ауылдың ауасы өте таза.

Ауылда жаңа мектеп, үлкен аурухана, зәулім мідениет үйі салыныпты. Көшелері түп-түзу, тас төселіп, гүлдер егіліп тұр. Ағаштар да көп. Аулдағы кітапхананың қоры бай.

Ауылдың шетінде көл бар. Көл аса терең емес. Күндіз көлге шомылып күнге қыздырынамыз. Кешке балалармен доп, асық ойнаймыз. Ауылда өте жақсы демалдық.

	Тақыры
1-азатжол	...
2-азатжол	...
3-азатжол	...

#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлемдер құрастырыңыз.**

Атам биыл жазда демалуға мен әжемнің ауылына бардық. Таза ауылдың өте ауасы .

Ауылда салыныпты мектеп жаңа. Көшелерінде төселіп тас, тұр егіліп гүлдер. Көп ағаштар да. Кітапхананың бай аулдағы қоры.

Доп кешке балалармен, ойнаймыз асық. Демалдық ауылда жақсы өте.

#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, ақпараттың ауылға немесе қалаға тән екенін анықтыңыз, кестені толтырыңыз.**

Сөйлем	Қала	Ауыл
Кең дала мен таза ауа.		
Көшеде көп адам кездеседі.		
Мәдени орталықтар көп.		
Малдар жайылымда жүреді.		
Музейлер көп.		



## Сабақ тақырыбы: Ауыл - еңбек пен берекенің ошағы

### ОҚЫЛЫМ

#### 1-тапсырма.

Мен өткен жазда атам мен апамның ауылында болдым. Онда маған өте ұнады. Ауылда таза ауа, тыныштық. Далада емін-еркін ойнай аласың. Демалуға жайлы. Байқағаным, ауылдағы жергілікті тұрғындар өте еңбекқор. Ерте тұрып іске кіріседі. Күндіз балалар өзенде шомылып, күнге күйеді. Кешке футбол ойнайды. Табиғаты өте әдемі.

Қалада үнемі қарбалас. Біз қалада метепке асығып, үлкендер жұмысқа асығып табиғат сұлулығына аз мән беретін шығармыз.

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Үлгі бойынша берілген сұрақтарға толық жауап беріңіз. Диалогті толықтырып, сөйлесіңіз.

-Сен өткен жазда қайда демалдың?

- Ауылда саған ұнады ма?
- ... .
- Ауылдың ауасы қандай?
- ... .
- Ауылда демалуға жайлы ма?
- ... .
- Ауылдың жергілікті тұрғындары қандай?
- ... .
- Ауыл балалары қандай ойын ойнайды?
- ... .
- Қалада адамдар қайда асығады?
- 

-Мен өткен жазда атам мен апамның ауылында демалдым.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып, сөйлем құрастырып жазыңыз.

*Мысалы, Ауылдың көшелері әдемі.*

## Сабақ тақырыбы: Ауылда жүз түрлі жұмыс бар

### ОҚЫЛЫМ

#### Ауыл өмірі

Ауылдың тіршіліктің бастауы от жағумен басталады. Сиыр сауылып өріске жіберілейін деп жатқан сәт. Қойлар да ауыл маңындағы жайылымға шығарылды. Түнімен қорада тұрып ашыққан қойлар ентіге жайылуда. «Жақсы ит иесінің көзі, құлағы» демекші иесінен алыстамай, қойды торауылдап жүрген ақылды ит бейнесі. Ауылға қайта оралдық, бірінші болып көзімізге қора қиын тазалап жүрген Тоқтараға көрінді. Ат басын ауылымызда жана ашылған балабақшаға бұрдық.

### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Ауылдағы еңбек түрлері туралы кластер жасап, қорғаңыз.



### ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздерді көп нүктенің орнына қойып жазыңыз.

Далада ... қой бағып жүр.

*Керекті сөздер: егінші, шопан, бақташы, тракторшы, кәсіп.*

3-тапсырма. Берілген мақалдарды сәйкестендіріңіз.

- |                          |                          |
|--------------------------|--------------------------|
| 1. Бейнетің қатты болса, | A) көптің түбі – мереке. |
| 2. Еңбегіне қарай,       | Ә) жоқ.                  |
| 3. Бейнетсіз,            | Б) Татқаның тәтті болар. |
| 4. Еңбек түбі – береке,  | С) еңбегі.               |

### ТЫНДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тындап, қай еңбек иесі туралы айтылған? Кластер толтырыңыз.

құрылысшы

мұғалім



## Сабақ тақырыбы: Қала – мәдениет пен білімнің орталығы

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.

#### Орталық мәдениет және демалыс саябағы

Орталық мәдениет және демалыс саябағы Алматы қаласының Медеу орталығында орналасқан. Саябақтың жобасын 1856 жылы ғалым Криштепенко салған. Сол уақытта оны «Казенный сад» деп аталған.

1974 жылы саябақ қайтадан жөндеуден өтіп, сұйқоймасының жағалауына демалыс орындары мен аттракциондар салынды.

Саябақ аумағында балалар аттракциондары, балалар теміржолы, жазғы және қысқы демалыс орындары, хауыздар, спорт алаңқайлары, хайуанаттар бағы, әртүрлі дәмханалар орналасқан.

### АЙТЫЛЫМ

1- тапсырма. Берілген сөйлемдерге сұрақ құрастырып, әңгімелесіңіз.

- Орталық мәдениет және демалыс саябағы... ?
- Орталық мәдениет және демалыс саябағы Алматы қаласының Медеу орталығында орналасқан.
- Саябақтың жобасын. .. ?
- Саябақтың жобасын 1856 жылы ғалым Криштепенко салған.
- ... ?
- Сол уақытта оны «Казенный сад» деп аталған.
- ... ?
- 1974 жылы саябақ қайтадан жөндеуден өтіп, сұйқоймасының жағалауына демалыс орындары мен аттракциондар салынды.

### ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Ережені еске түсіріп, көп нүктенің орнына тиісті ілік септігінің жалғауының жалғап, сөз тіркестерін толықтырыңыз.

#### Ереже!

	Кімнің?(кого?) ненің (чего?) или (чей?чь? чье?)		
Егер сөз соңында	б, в, г, д, к, қ, ц, с, т, х, ц, ч	-тың/-тің	Болаттың, көліктің
	а, о, ы, і, е, я, м, н, ң	-ның/ -нің	Назеркенің, аялдаманың
	ж, з, и, й, л, у, р, ю	-дың /-дің	Арудың, қонакүйдің

Мәдениет... ордасы, қала... орталығы, ел... тірегі, Алматы... тұрғыны, ауыл... баласы, қазақ... даласы, жент... дәмі, мұғалім... тапсырмасы.

3-тапсырма. Үндестік заңын ескеріп, қосымшаны дұрыс жалғандар.

	-ды	-ның	-дің	-қа	-ке
мұражай					
кітапхана					
қонақүй					
ғимарат					
ескерткіш					

## Сабақ тақырыбы: Кітапхана- кемел дос

### ОҚЫЛЫМ



**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қойыңыз.**

Астана қаласында Ұлттық кітапхана бар. Елорда төріндегі Ұлттық кітапханаға келушілер саны жылдан жылға көбейіп барады. Себебі, бұл кітапханада арнайы кітап бөлімдері, түрлі танымдық залы, ал қорында миллионнан астам кітаптар бар. Кітап мұражайында көне қолжазбалар, құнды тарихи жәдігерлер де сақталған. Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясын да, Әбілғазы Баһадүрдің шежіресін де осы жерден таба аласындар.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз, диалог құрастырыңыз.**



- Сенің мектебінде кітапхана бар ма?
- ... .
- Ол қай қабатта орналасқан?
- ... .
- Кітапханашының аты кім?
- ... .
- Кітапханада қандай кітаптар бар?
- ... .
- Сен кітапханаға жиі барасың ба?
- ... .
- Соңғы рет кітапханаға қашан бардың?
- ... .
- Кітап туралы мақал- мәтелдерді білесің бе?
- ... .



### ЖАЗЫЛЫМ


**3-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып жазыңыз.**

Негізгі сын есімдер:

Туынды сын есімдер:

**4-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.**

1. Познавательный
2. Исторический
3. Древний
4. Столица
5. Национальный
6. Ценный



## Сабақ тақырыбы: «Бәтенке, шұжық, балқаймақ»



### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұның түсініп алыңыз(оқулық, 29-30 бет). Аталған өнімдер неден жасалғаның керекті сөздерден алып, кестені толтырып, айтыңыз.

Балқаймақ	Шұжық	Бәтенке

Керекті сөздер: тері, қант, сүт, ет, сусын, жеміс, көкөніс, май, ұн, қаймақ.



### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретте не сәйес орналастырып, сөз тіркес



бейнеленген? Сөздерді суретке құрастырып, айтыңыз.




1. Балқаймақ 2. Бәтенке 3. Шұжық



### ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Берілген қосымша мәліметтерді оқып, кластер толтырыңыз.



Әнуарбек Дүйсенбиев

(1931-1979)

## Сабақ тақырыбы: Еліміздің ірі қалалары

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Сызбаны толтырыңыз.




### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өздерін тұратын қала (ауылда) қандай көрікті орындар бар?
2. Адамдар көрікті жерлерге не үшін барады?
3. Суреттерде қандай қалалардың көрікті орындары көрсетілген?
4. Сурет бойынша 4 сөйлем құрастырыңыз.

**Сөздер:** демалуға, мұражай, саябақ, көңіл көтеруге, «Астана-Бәйтерек» монументі, Медеу спорт кешені, бой жазуға, «Астан Экспо» көрмесі.



### ЖАЗЫЛЫМ

1- Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз, синоним сөздерді жазыңыз. сөйлем құрастырыңыз.

Тамашалау, бас қала, серуендеу, ірі қала, тынығу.

**Синоним сөздер:** ірі шаһар, демалу, қыдыру, елорда.



## Сабақ тақырыбы: Ауыл мен қаланың тұрмыс-тіршілігі

### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.



Мен өткен жазда атам мен апамның ауылында болдым.

Онда маған өте ұнады.

Ауылда таза ауа, тыныштық. Далада емін-еркін ойнай аласың. Демалуға жайлы.

Байқағаным, ауылдағы жергілікті тұрғындар өте еңбекқор.

Ерте тұрып іске кіріседі. Күндіз балалар өзенде шомылып, күнге күйеді. Кешке футбол ойнайды. Табиғаты өте әдемі.

Қалада үнемі қарбалас. Біз қалада метепке асығып, үлкендер

жұмысқа асығып табиғат сұлулығына аз мән беретін шығармыз.

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өткен жазда қайда болдым?
2. Онда маған ұнады ма?
3. Ауылдың ауасы қандай?
4. Ауылдың жергілікті тұрғындары қандай?
5. Ауыл тұрғындары қалай демалады?
6. Қаланың тұрғындары немен айналасады?

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Ауыл мен қаланың айырмашылығын екі бағанға бөліп жазыңыз.

*Ауыл*                      *Қала*

**Керекті сөздер:** ауасы таза, көп ағаш, көп көлік, жазық дала, биік үйлер, көшелері кең, мал, бір қабатты үйлер, қарбалас, тыныштық, табиғаты өте әдемі, демалуға жайлы, демалыс орындар көп.

## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. Емін-еркін сөзінің аудармасы.**

А) около В) рядом С) близко-далеко Д) быстро Е) свободно

**2. «Бәтеңке, шұжық, балқаймақ» өлеңінің авторы кім?**

А) А.Құнанбаев В) Ғ.Мүсірепов С) М.Жұмабаев Д) А.Дүйсенбиев Е) С.Мұқанов

**3. Сын есімнің сұрақтары қандай?**

А) қандай? В) неше? С) не істейді? Д) кім? Е) неге?

**4. Медеу мұз айдының Қазақстанның қай қаласында орналасқан?**

А) Қостанай В) Алматы С) Астана Д) Қызылорда Е) Тараз

**5. Сөздердің ішінен сан есімді табыңыз.**

А) қала В) әдемі С) ақын Д) пайда Е) құрмет

**6. Әнуарбек Дүйсенбиев кім?**

А) ғалым В) суретші С) ақын, аудармашы Д) әнші Е) биші

**7. Мақалды аяқтаңыз.**

*Кітап – қаймақ, білім – ... .*

А) оймақ В) моншақ С) қазына Д) өмір шырағы Е) мұғалім



### 3-ТАҚЫРЫП: ТАУЛАР СЫРЫ. М.МАҚАТАЕВ «МЕН ТАУЛЫҚПЫН»

**Оқу мақсаттары:** тұрмыстық-әлеуметтік тақырып-тарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну. Коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру. Әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу. Реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.

#### Сабақ тақырыбы: Таулар

##### ОҚЫЛЫМ

**1- тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Қою қаріппен берілген сөздерді аударыңыз.

##### Қазақстанның таулары

Қазақстанның таулары бүкіл әлем туристерінің **сүйікті** демалыс орны болып табылады. Қазақ таулары өздерінің табиғи ландшафты, альпинистер лагерьлерімен де белгілі.

Қазақстанның таулары биік таулы және аласа таулы **аймақтарға** бөлінеді.

Аласа таулы аймаққа Орталық Қазақстанда орналасқан Сарыарқа жатады. Сарыарқа батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымға созылып жатыр. Орташа **биіктігі** – 500-600 метр.

Аласа таулы аймаққа сонымен қатар Мұғалжар – аса биік емес тас тізбегі, Орал тауларының оңтүстік сілемі жатады. Мұғалжардың ең биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай тауы (657 м). Солтүстіктен оңтүстікке қарай 450 шақырым.

Еліміздің **оңтүстік-шығысы** мен **солтүстік-шығысын** әлемдегі ең үлкен тау жүйелері – Алтай мен Тянь-Шань орап жатыр. Қазақстанның келесі ірі тау жүйесі – Жоңғар Алатауы.

**Сөздік:** созылып жатыр – протянулась, простирается  
сілеме- отрог  
тау жүйесі – горная система

##### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөйлемді аяқтап, мәнерлеп оқыңыз.

Қазақстанның таулары бүкіл әлем туристерінің ... .Қазақстанның таулары ... таулы және ... таулы аймақтарға бөлінеді. Аласа таулы аймаққа Орталық Қазақстанда орналасқан ... жатады. Сарыарқа тауының орташа биіктігі – ... метр. Мұғалжардың ең биік нүктесі – ... тауы. Қазақстанның .. тау жүйесі – ... Алатауы.

##### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Берілген сөздерді қатысырып, суреттегі көрініс бойынша сөйлем құрастырып жазыңыз.

Өрлеу - восхождение, әдемілік- красота, сарқырама- водопад, керемет – прекрасный, сұлу- красивый, асқар- высокий.



**4-тапсырма. Мәтінде берілген сан есімдерден реттік сан есімдер жасап, оларды сөзбен жазыңыз.**

**Мысалы, 1200 –бір мың екі жүз – бір мың екі жүзінші.**



## Сабақ тақырыбы: «Мен таулықпын»

### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.

#### Мен таулықпын

Тау дейтін алып жүрек Ана туған,  
Мен таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам.  
Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,  
Қуат алып қыранның қанатынан.

Мен таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам,  
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.  
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,  
Маған келіп түнейді қара тұман. *М.Мақатаев*

- Сұрақтар:** 1. Өлең не туралы?  
2. Автор тауда қалай өскен?  
3. Ақын тауды қалай суреттейді?



### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Өлеңнің мазмұнына сәйкес сөйлемдерді тауып оқыңыз. Өз сөзіммен жеткізіңіз.

1. Я был создан из горы.
2. Я вырос на оленьем молоке.
3. Я бегаю по высоким горам.
4. Сила исходит от крыльев орла.
5. Из горы я был создан.
6. Солнце осветило меня своими первыми лучами.
7. Я люблю свои горы.




### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңде кездескен сөздерді теріп жазыңыз. Сол сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Сәуле, бұлттар, киіз үй, ана, аспан, қуат, бүркіт, дала, қара тұман.

4-тапсырма. Оқулықта берілген мәтнге сүйеніп, кластер толтырыңыз.



## Сабақ тақырыбы: Әлемдегі биік таулар



### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.

#### Әлемдегі биік таулар

Әлемде биіктігі 8 шақырымнан асатын 14 шың бар. Оларды «сегізмындықтар» деп те атайды. Олар Азияда көршілес Гималай және Қарақорым тау жоталарында орналасқан. Ең белгілі және ең биік тау жоталары – Гималай. Онда ең биік 10 шың бар. Гималай тауларын көру үшін Непал, Үндістан, Қытай (Тибет), Бутан, Пәкімтаг елдерінің біріне бару керек.



Гималай



Қарақорым тауы

**Сөздік:** шың – вершина, көршілес- соседний, тау жоталары - горные хребты.

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сұрақтарға толық жауап беріңіз.

- Әлемде қанша биік шың бар?
- Әлемде ... .
- Оларды қалай атайды?
- Оларды ... деп атайды.
- Бұл тау жоталары қандай елдерді алып жатыр?
- Бұл тау жоталары ... алып жатыр.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз (оқулық 39-бет, 4-тапсырма). Көп нүктенің орнына керекті сандарды қойып сөзбен жазыңыз.

Мен демалыста тауға шықтым. Тастардың арасымен өрлеп, тау биігіне көтерілгенде, үңгірге кездестім. Үңгірдің ауызы тар, биіктігі ... метрден асады. ... метр тар ауыздан өткен соң, әрі қарай кенейе берді. Іші қап-қараңғы. Үшкір, тайғақ тастар өте көп. Тайғақ тастардан ақырын өтіп, шағын көлге тап болдым. Көлдiң ені шамамен ... метр, ұзындығы ... метрдей. Көлдiң суы сұп-суық екен ... .

Керекті сандар: 1-1,5, 15, 2, 20.

### ТЫНДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді мұқият тындап, кестедегі сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтап толтырыңыз.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1	Қазақстан тауларға бай жер.		
2	Солтүстік Қазақстанда Мұғалжар таулары орналасқан.		
3	Аласа таулардың биіктігі 200-1000 метр.		

## Сабақ тақырыбы: Қазақстан таулары

### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Қою қаріппен берілген сөздерге синоним сөзін тауып жазыңыз.



#### Қаратау тауы Ақтау тауы

Елімізде бірнеше танымал әрі табиғаты әсем таулар бар. Түрген шатқалы, Сарыарқа, Мұғалжар, Алтай, Тянь-Шань, Жонғар Алатауы – қазақстандағы белгілі таулар. Сарыарқа Орталық Қазақстанда орналасқан. Орташа биіктігі – 500-600 метр.

Сарыарқаның негізгі жауһары- Бурабай шипажай аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді «қазақстандық Швецария» деп атайды. Мұғалжар- аса биік емес. Мұғалжардың ең биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай тауы. Биіктігі 657 метр. Маңғыстау таулары Каспий теңізіндегі Маңғыстау жартыаралында жатыр. Қаратау тауының ұзындығы -117,- Ақтаудың ұзындығы – 70 шақырым.

*Синоним сөздер: шың, санаторий, асқар, әдемі, туған жер, белгілі.*

### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша тірек сөздерді анықтаңыз. Сол сөздерді кірістіріп, мәтін мазмұнын өз сөзіммен қысқаша айтыңыз.

Мысалы, әсем таулар. Біздің елімізде табиғаты әсем таулар бар.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша, кестені толтырыңыз.

Таудың атауы	Биіктігі немесе ұзындығы
Сарыарқа	
Мұғалжар	
Қаратау	
Ақтау	

## Сабақ тақырыбы: Алатау



### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз, орыс тіліне аударыңыз.



*Алатау тауы*

Алатау тауы – Іле Ала тауы. Күнгей Алатау, Теріскей Алатау, Талас Алатау, Қырғыз Алатауы, жетісу Алатауы деген тау жоталары. Бұлар биік, шыңды-құзды, жоғарғы жағы қалың мұздықтар мен қарлы шыңдар болып келеді. Қөпжылдық қардан таулар үнемі ала болып жатады. Соған байланысты Алатау аталған. Алатаудың табиғаты әсем, етегі толған ел, суы шипалы, ауасы таза, жері құнарлы. Жетпіс жылдай еліміздің астанасы болған жұмақ қала Алматы мен Талдықорған қалалары да осы таудың баурайында орналасқан. Тау қойнауында сандаған демалыс және сауықтыру орны, Медеу мұзайдыны, шаңғы спортына арналған кешенді орындар бар.

**Сөздік:** күнгей-солнечная сторона, шыңды-құзды- пик и падение, қалың – толстый, ала- пестрый, құнарлы – плодородный, жұмақ – рай, баурайында – на склоне, тау жоталары – горные хребты.



### АЙТЫЛЫМ



1- тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз, сұхбат құрастырыңыз.

- Алатау тауында қандай жоталар бар?
- Алатау тауында ... жоталар бар.
- Ол жоталар қандай?
- Ол жоталар ... .
- Неге Алатау деп аталады?
- Бұл тау Алатау деп аталады, өйткені ... .
- Алатаудың табиғаты қандай?
- Алатаудың табиғаты ... .
- Тау қойнауында нелер орналасқан?



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Кім жылдам?» Құрамында «А» және «Р» әріпі бар төрт таудың атын жазыңыз.



## Сабақ тақырыбы: Қарқаралы



### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



Қарқаралы тауы

Сарыарқаның көрікті жерлерінің бірі – Баянауыл таулары. Бір қарағанда бұл



таулар жазық көрінеді. Мұнда жартастар кемпір»,



даладағы таңғажайып кездеседі:



арал сияқты пішіндегі «Жалмауыз «Шайтантас»,

«Тас бас». Бұл жерде көрікті көлдер де жетерлік.

Баянауылдан оңтүстікке қарай Қарқаралы тауы орналасқан. Тауды шөлейттер қоршап жатыр. Бірақ қарағайлы сирек ормандар өскен беткейлер де кездеседі. Сонымен қатар саздардағы шөгінділерден жаз соңында қыстан сақталып қалған тонды кездестіруге болады. Жергілікті халық мұндай жерлерді табиғи тоңазытқыш ретінде пайдаланады.

**Сұрақтар:** 1. Қарқаралы қай жерде орналасқан?

2. Қарқаралы несімен ерекшеленеді?

3. Баянауыл тауында қандай жартастар кездеседі?

**Сөздік:** көрікті- красивый, жазық – равнина, пішін-фигура, жетерлік- достаточно, сирек- редко, беткейлер- склоны.

### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Сөйлемдерге сұрақтар құрастырып, әңгімелесіңіз.

-... қандай ...?

- Сарыарқаның көрікті жерлерінің бірі – Баянауыл таулары.

- ... қандай ...?

- Мұнда таңғажайып пішіндегі жартастар кездеседі.

-... қайда ...?

- Баянауылдан оңтүстікке қарай Қарқаралы тауы орналасқан.

- нелер ...?

- Тауды шөлейттер қоршап жатыр.

- Қайда ...?

- Қарағайлы сирек ормандар өскен беткейлер де кездеседі.

- Қашан ... ?

- Жаз соңында қыстан сақталып қалған тонды кездестіруге болады.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Не? қандай? не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді мәтіннен тауып, қаптарға салыңыз. Сөздерді дәптерге жазыңыз.





не? қандай?

Үлгі: Баянауыл

не істейді?

көрікті

кездеседі

## ТЫНДАЛЫМ


4-тапсырма. Мәтінді тыңдап, мәтін мазмұнына сәйкес сөз тіркестерді жазыңыз.



Сабақ тақырыбы: Оқжетпес

## ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз. Берілген сөйлемдердің аудармасын мәтіннен тауып оқыңыз.



Оқжетпес тауы

1. Оқжетпес тауы – Бурабайдағы ең танымал жер әрі Бурабай көлінің сәні. Биіктігі 300 метр. Оқжетпестің табиғаты көрікті. Төңірегінде бұғы, түлкі, шіл, құр мекендейді, ұшар басына бүркіт ұя салады. Қазақ халқының талай атақты ақын-әншілер Оқжетпесті жырға қосқан, өздерінің ән-өлеңдерін арнаған. Оқжетпес маңы- туристік саяхат жасайтын өңір.

2. Природа Оқжетпеса прекрасна. Высота 300 метров. Гора Оқжетпес - самое популярное место в Боровом и озеро Боровое. В окрестностях обитают олени, лисы, пернатые, гнездятся орлы. Оқжетпес - туристический регион. Многие известные поэты и певцы казахского народа посвятили свои песни Оқжетпес.

## АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Сөйлемдерге әртүрлі сұрақтар қойыңыз.

Үлгі: Оқжетпес тауы – Бурабайдағы ең танымал жер әрі Бурабай көлінің сәні.

1. Оқжетпес тауы қандай жер?
2. Оқжетпес тауы – қандай көлдің сәні?
3. Бурабайдағы ең танымал жері қайндай?



## ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Қате жазылған сөйлемдерді табыңыз. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.

Оқжетпес тауы – Бурабайдағы ең танымал емес жері. Биіктігі 500 метр. Оқжетпестің табиғаты әдемі. Төңірегінде бұғы, түлкі, шіл, құр мекендейдемейді, ұшар басына бүркіт ұя салады. Қазақ халқының талай атақты ақын-әншілер Оқжетпесті жырға қоспаған. Оқжетпес маңы- туристік саяхат жасайтын өңір емес.



## Сабақ тақырыбы: Тарбағатай тауы

### ОҚЫЛЫМ

1- тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.



*Тарбағатай тауы*

Тарбағатай тауы – Шыңыс Қазақстан облысы, тарбағатай ауданы жерінде орналасқан. Ең биік шыңы – Тастау. Биіктігі – 2991 метр. Жота батыстан шығысқа қарай 300 шақырымға сөзылып жатыр. Таудың етегіндегі шөлейт те – жусанды бетеге, бұта, тауаралық аңғарда – тау шалғыны және көктерек, жабайы алма, тобылғы, арша, солтүстік беткейінде тал басым өседі. Марал, тауешкі, арқар, аю, түлкі, борсық, қарсақ, суыр мекендейді. Таудың жоғарғы бөлігінде Альпі шалғыны- жазғы жайылым.

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Кестедегі берілген сөздерді ретімен қойып, мазмұнын айтыңыз.

*Үлгі:* Ең биік шыңы – Тастау.

А	Ә	Б	В
Тастау	биік	шыңы	ең
етегінде	таудың	басым өседі	тал
биіктігі	шыңның	метр	2991
көптеген	мекендейді	жануарлар	тауда

### ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жақшаны ашып, сөйлем құрастырып жазыңыз.

Тарбағатай тауы – Шыңыс Қазақстан облысы, (қайда?) орналасқан. Ең биік шыңы – (қандай?). Биіктігі – (неше?) метр. (Қайдан?) шығысқа қарай 300 шақырымға сөзылып жатыр. Таудың етегіндегі шөлейт те – жусанды бетеге, бұта, тауаралық аңғарда – тау шалғыны және көктерек, (нелер?) тал басым өседі. (қандай аңдар?) мекендейді. Таудың жоғарғы бөлігінде (не?) жайылым.

### ТЫНДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді мұқият тындап, мәтінге сәйкес сөйлемдерді теріп жазыңыз.

Тарбағатай – Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Қытай аумағындағы орташа биік тау. Табиғаты өте әдемі. Тарбағатай сөзі моңғол тілінің "тарбаған" сөзінен пайда болған деген жорамал бар. Мұнда біз отбасымызбен барып демаламыз. Қазақша аударғанда "суыр" дегенді білдіреді. Тарбағатай - тұтастай алғанда "суырлы тау" деген мағына береді. Жыл сайын көптеген туристер осы тауға барып демалады.

## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



### ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. «Мен таулықпын» өлеңінің авторы кім?

А) А.Дүйенбиев В) С.Сейфуллин С) М.Мақатаев Д) І.Жансүгіров Е) МүЖұмабаев

2. Мұқағали Мақатаев қай жылы туған?

А) 1885 ж В) 1925 ж С) 1966 ж Д) 1931 ж Е) 1952 ж

3. Әлемде қанша биік шың бар?

А) 14 В) 20 С) 17 Д) 10 Е) 5

4. Жинақтық сн есімді табыңыз.

А) төртеу В) бесінші С) қырық Д) бес-бестен Е) он жарым

5. Қазақстанның тауын белгілеңіз.

А) Непал В) Гималай С) Айленд Д) Алатау Е) Горный алтай

6. Алатау тауларында қандай жоталар бар?

А) Теріскей В) Гималай С) Айленд Д) Алатау Е) Горный алтай

7. Баянауылда қандай жартастар кездеседі?

А) Шайтантас В) Қызанақ С) Табиғат Д) Көркем Е) Сарыбұлақ

## 4-ТАҚЫРЫП: ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ БІЛЕМІЗ БЕ?

М.ЖҰМАБАЕВ «ОТ» ӨЛЕҢІ (ҮЗІНДІ).

**Оқу мақсаттары:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау. Тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау. Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша сызба-кестелер жасау. Өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.

### Сабақ тақырыбы: Электр қуаты

#### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.

Бүгінде электр үнемдейтін шамдар көп. Қарапайым шамдардың орнына үнемдеуші шамдарды қолданған жөн. Өйткені энергия үнемдеуші шамдар қарапайым шамдарға қарағанда электр қуатын 5-6 есеге аз тұтынып, бірдей жарық береді. Сонымен қатар энергия үнемдеуші шамдардың пайдалану мерзімі қарапайым шамдармен салыстырғанда сегіз есеге артық. Энергия үнемдеуші шамдар электр қуатын 80 пайызға артық үнемдейді.

#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бүгінде нелер көп?
- ...
- Қарапайым шамдардың орнына қандай шамдарды қолданған жөн?
- ...
- Қарапайым шамдарға қарағанда электр қуатын неше есеге аз тұтынып, бірдей жарық береді?
- ...
- Энергия үнемдеуші шамдардың пайдалану мерзімі қарапайым шамдармен салыстырғанда неше есеге артық?
- ...
- Энергия үнемдеуші шамдар электр қуатын қанша пайызға артық үнемдейді?
- ...

#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтіннен энергия үнемдеуші шамдардың ерекшелігін тауып жазыңыз.

**4-тапсырма.** Мәтіннен сөздерді екі бағанға бөліп жазыңыз.

Жуан буынды сөз	Жіңішке буынды сөз
шамдар	мерзім

## Сабақ тақырыбы:Болашақтың энергиясы

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.


«EXPO- 2017» қазақстанның елордасы Астана қаласында 2017 жылы10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтті.

Біздің елдің ұйымдастырушылардың тарапынан ұсынылған «Future Energy», яғни «Болашақ қуаты» тақырыбы сарапшылардың көңілінен шығып, «EXPO- 2017» халықаралық көрмесінің тақырыбы ретінде қолдау тапты.

Астанадағы «EXPO- 2017» көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағында өткізілген ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналды.

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма.Кластер толтырып, әңгімелеңіз.



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

1	Астана	а	аралығында
2	ұйымдастырушылардың	ә	тақырыбы
3	қыркүйек	в	қаласында
4	«Болашақ қуаты»	с	тарапынан
5	Орталық Азия	д	аумағында

### ТЫНДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді мұқият тындап, мәтіннен екі бағанға бөліп сан есімдер мен есімдіктерді теріп жазыңыз, сөзтіркес құрастырыңыз.

Үлгі:Сан есімдер Есімдіктер

2012

біздің

...

...

## Сабақ тақырыбы: Электр қуатын үнемдеу – басты қажеттілік



### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз, орыс тіліне аударыңыз.**

Электр қуатын көп тұтыну – оны өндіруге жұмсалатын шикізат көздерін көп пайдалануға емес, жаһандық экологияға да залал келтіруде. Сондықтан адамзат болашағы үшін алаңдайтын әрбір азамат электр қуатын күнделікті тұрмыста үнемдеуі керек. Ұялы телефон, ноутбук секілді құрылғылардың қуаттағышын тоқтан ылғи ажыратып отырған дұрыс. Өйткені тоқ көзіне қосылып тұрған құрылғы энергия тұтынады. Бірер күнге басқа жаққа кетерде шамды өшіріп қана қоймай, тоқ көзінен теледидар, музыкалық орталық DVD ойнатқыштарды да суырып кеткен жөн. Олар тоққа қосылып тұрса, аз да болсын энергия шығындап отырады.

Киім үтіктеп жатқанда телефон шырылдаса, үтіккі суырып барып, қонырауға жауап беріңдер.



### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрастырыңыз.**

- Электр қуатын көп тұтыну деген не?
- ... .
- Әрбір азамат күнделікті тұрмыста не істеу керек?
- ... .
- Қандай құрылғылардың қуаттағышын тоқтан ылғи ажыратып отырған дұрыс?
- ... .
- Басқа жаққа кетерде қандай тұрмыстық техникаларды суырып кеткен жөн?
- ... .
- Олар тоққа қосылып тұрса, энергия шығындап отырады ма?
- ... .
- 

### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Мәтінде берілген қуат көзін үнемдейтін жолдарын көшіріп жазыңыз.**

1. ... .
2. ... .
3. ... .

**4-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңіз.**

электр	көздері
шикізат	болашағы
жаһандық	телефон
адамзат	экология
ұялы	қуаты



## Сабақ тақырыбы: «Өзім – күнмін, өзім - от»

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

От

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам,  
Өзім- күнмін, өзім – от,  
Сөзім, қысық көзім де - от.  
Өзіме –өзім табынам.  
Жерде жалғыз Тәңірі –от.  
Оттан басқа Тәңірі жоқ ...

... Қараңғылық бұққанда,  
Қызарып күн шыққанда,  
Күн отынан туғанмын;  
Жүрегімді, жанымды,  
Иманымды, арымды  
Жалынменен жуғанмын.  
Жүрегім де, жаным да - от.  
Иманым да, арым да – от ...

М.Жұмабаев



### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «От» өлеңін мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Неден туған баламын?
2. Кімге ғана бағынам?
3. Кімге табынам?
4. Оттан басқа не жоқ?
5. Жалынменен не жуғанмын?
6. Автор өлеңде өзін немен теңейді?

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлең жолдарынан қазақша баламасын тауып жазыңыз.

Сердце - ...	огонь - ...
День- ...	душа моя - ...
Слова мои – ...	честь - ...
Единственный - ...	пламя - ...

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңыз.

Отты шашуға, ... болмайды. Отбасының берекесі кетеді. Отты, ошақты ... . Отқа ... . Отпен ... .

**Керекті сөздер:** аттама, ойнама, түкірме, басуға.



## Сабақ тақырыбы:Қуат көзі

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.  
Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. *Жасырын сақтық қуат көзі.* Ұялы телефоныңның қуаты таусылып бара жатса, \*3370# кодын тер, телефон қайта қосылғанда  $\frac{1}{2}$  қуатын қайта жинап алады. Жасырын сақтық қуат қосқаннан кейін міндетті түрде телефонды зарядтау керек.
2. *Қуат көзін сарқа тауысып зарядқа қою керек.* Ұялы телефонды қолданушылар өз құрылғысының қуаты сарқа таусылғаннан кейін барып тоқ көзіне қосып жатады. Қазіргі телефондардың көбі никель сутекті қуат сақтағыш болғандықтан, батареяның қуаты әбден таусылғаннан кейін тоқ көзіне қосса, оның ғұмыры қысқаруы мүмкін.

*Сұрақтар:*

1. Ұялы телефоныңның қуаты таусылып бара жатса не істеу керек?
2. Жасырын сақтық қуат қосқаннан кейін не істеу керек?
3. Неліктен телефондардың ғұмыры қысқаруы мүмкін?

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма.Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз, ауызша айтыңыз.

Ұялы телефон

қуат

зарядтау

батарея

құрылғы

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен қазақша баламасын тауып, жазыңыз.

Если ваш мобильный телефон разряжен, наберите \*3370#.Поскольку в большинстве современных телефонов используются никель-водородные аккумуляторы.Пользователи мобильных телефонов подключают свое устройство к источнику питания после того, как оно разрядилось.

## Сабақ тақырыбы: Электр шамдары



### ОҚЫЛЫМ


**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.

Электр қуатын үнемдеудің түрлі жолдары бар. Жарықтан бас тартпай-ақ электр энергиясын аз тұтынатын шамдарды кеңінен қолдануға болады. Жарық көздерінің барлығын жарықдиодты шамдарға алмастыру қажет. Жарықдиодты шамда газ бен қыздыру жібі болмайды, шыны сауыты және қауіпті жылжымалы бөлшектері де жоқ. Жарығы тұрақты, көзге кері әсері жоқ. Қуат көзін үнемдеумен қатар, денсаулыққа да зиян емес.




### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сызба бойынша сөйлемдер құрап жазыңыз.

Электр қуатын  | жолдары бар.

жарықдиодты шамдарға  
Жарық көздерін  | алмастыру қажет.  
Жиһаздарға

спортқа  
Қуат көзі  | зиян емес.  
ағзаға  
денсаулыққа



### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілен сөздерге сұрақ қойыңыз.

*Үлгі:* жолдары – нелері?

**4-тапсырма.** Берілген сөздерден орын тәртібін сақтай отырып, сөйлем құрастырыңыз.

Үнемдеудің, электр, жолдары, қуатын, түрлі, бар, Жарық, алмастыру, қажет, көздерінің жарықдиодты, барлығын, шамдарға, Жарығы, көзге, кері, жоқ, тұрақты, әсері. Қуат, зиян көзін, үнемдеумен, қатар, да, денсаулыққа, емес.





## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### **ЖАЗЫЛЫМ**

**1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. «Тұтыну» деген сөзінің синонимін көрсетіңіз.**

А) көрсету В) жүгуру С) пайдалану Д) табу Е) өткізу

**2. Сөйлемнің ішінен есімдікті көрсетіңіз.**

*Ол енді қалада оқиды.*

А) ол В) қалада С) енді Д) оқиды Е) есімдік жоқ

**3. «EXPO -2017» қай жылы өтті?**

А) 2017 ж В) 2020 ж С) 2022 ж Д) 2019 ж Е) 2021 ж.

**4. Мағжан Жұмабаев қайда туды?**

А) Қостанай обл. В) Қызылжарда С) Солтүстік Қазақстан обл. Д) Қызылорда обл. Е) Алматы обл.

**5. Мағжан Жұмабаев жазған өлеңнің аты.**

А) Менің Отаным В) От С) Қыс Д) Әдемі ел Е) Медеу

**6. Өздік есімдікті көрсетіңіз.**

А) мен В) бұл С) ешқашан Д) өз Е) ешкім

**7. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.**

А) мен В) олар С) барлық Д) өз Е) сен

## 5-ТАҚЫРЫП: АСТАНА –МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ. ӘКІМ ЫСҚАҚ «КҮН ҰЛЫМЫН».

**Оқу мақсаттары:** тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау. тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу. тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру. мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша сызба-кестелер жасау. Өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.

### Сабақ тақырыбы: Ел жүрегі - Астана

#### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.**

Астана- күн санап өсіп келе жатқан әдемі, көрікті жерлері көп қала. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Қазақ елі болашағының қаласы – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ордасы.

Қала әдемі Есілдің жағасында орналасқан. Көрме кешендері, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті, Назарбаев университеті қаланың ажарын аша түседі. Опера және балет театры, Президент орталығы, Тәуелсіздік пен Отан қорғаушылар құрметіне тұрғызылған тұғырлар, тарихи қайраткерлерге арналған ескерткіштер, көптеген спорт кешені, «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Президент сарайы», бизнес орталықтары – көзарталық әсем. Астананың көшелері кең әрі таза. Қаланың әсемдігіне қарап көзін тоймайды.

#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Жақша ішінде берілген сөздерді тандап, сұрақ қойыңыз, диалог құрастырыңыз.**

1. Астана **қандай?** (шағын, әдемі, көрікті) жерлері көп қала.
2. Бүгінде **ненің?** (Алматының, Қостанайдың, Астананың) аты әлемге әйгілі.
3. Қазақ елі **ненің?** (тарихтың, мәдениеттің, келешектің, ғылымның, білімнің) ордасы.
4. Қала әдемі **ненің?** (Тобылдың, Жайықтың, Есілдің) жағасында орналасқан.
5. **Қандай** ғимараттар ? (опера және балет театры, Президент орталығы, ескерткіштер, Медеу спорт кешені, «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Плаза» сауда орталығы, «Президент сарайы», бизнес орталықтары) көзарталық әсем.
6. Астананың көшелері **қандай?** (тар, кең, таза, қысқа).

#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Сөздерге қажетті әлэк септігі мен тәелдік жалғауларын жалғап, дәптерге көшіріңіз.**

Астана... аты әлемге әйгілі. Қазақ елі болашағы... қаласы – мәдениет... , ғылым мен білім... ордасы. Қала әдемі Есіл... жағасын... орналасқан. «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Президент сарайы», бизнес орталықтар... – көзарталық әсем. Астана... көшелері кең әрі таза. Қала... әсемдігіне қарап көзін тоймайды.

**4-тапсырма. Мәтін бойынша кластер толтырыңыз.**



## Сабақ тақырыбы: Театр мәдениетін сақтай білеміз бе?

### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.**

Кез келген ортаның өз заңы не мәдениеті болады. Театр- нағыз өнердің ордасы. Ал мұндай киелі де рухани ордада мәдениет сақтамау – ұят. Тетрда сақталуы тиіс қағидалар:

- қойылымға уақытынан бұрын не кешікпей кел;
- үстіне сол ортаға сай киімді ки;
- қойылым басталар алдында ұялы телефоныңды дыбыссыз режимне қой, не сөндіріп таста. Сырттан келген қонырау сені ғана емес, қасында отырған көрермендерді де мазалайды;
- қойылым басталысымен- ақ басқа шаруаның бәрін қойып, бар көңіліңді сахнаға бұр;
- қойылым біткен соң көрермендермен бірге тұрып, көшемет көрсет.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, диалог құрастырыңыз.**

Кез келген орта, нағыз өнер, тиіс қағидалар, кешікпей кел, дыбыссыз режим, ортаға сай, басқа шаруа, көшемет көрсет.

### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Мәтінде берілен өздік есімдігі тауып, жіктеніз.**

**Мысалы.** 1-ж Мен өзіммін

2-ж Сен ....

С.ф. Сіз ...

**4-тапсырма. Мәтіннен театрда барған кезде сақтайтын қағидаларды көшіріп жазыңыз.**

1. ... .
2. ... .
3. ... .



## Сабақ тақырыбы: Менің өмірбаяным

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.

**Өмірбаян**

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Ол таза қағазға қолмен, кейде арнайы бланкіге бірінші жақта жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және тағы басқа қосымша мәліметтер көрсетіледі.

### АЙТЫЛЫМ

2- Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрастырыңыз.

1. Сенің аты- жөнің кім?
2. Қайда? қашан? тудың?
3. Нешінші сыныпта оқисың?
4. Қандай тілдер білесің?
5. Бос уақытыңда немен айналасасың?
6. Мекен жайың қандай?
7. Телефон нөмірі қандай?

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, асты сызылған сөздерді орнына өзіңізге сәйкес мәліметтерді қойып, өз өмірбаяныңызды жазыңыз.

#### Өмірбаян үлгісі

Мен, Әмина Арманқызы Амантай, 2005 жылы 19 шілдеде Алматы қаласында тудым. Ұлтым – қазақ. 2011 жылы Алматы қаласындағы №15 мектеп-гимназиясының бірінші сыныбына бардым. Қазір осы мектептің алтыншы сыныбында оқимын.

*Қосымша мәліметтер* : орыс, ағылшын тілдерін жақсы білемін. Аздап түрікше сөйлеймін. Достарыммен оңай тіл табысамын. Бос уақытымда музыкамен, спортпен айналысамын, көркем әдебиетті көп оқимын.

*Мекенжайым:* Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 142-үй, 22-пәтер.

## Сабақ тақырыбы: Кино әлемінде

### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, мазмұнын түсініп алыңыз.**

Кино өнері – өнердің бір саласы. Фильмді жасауға әр алуан мамандақтағы шығармашылық қызметкерлер: драматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюссер, каскадер, экономист, менеджер қатысады.

Кино өнерінің салалары: көркем фильм, деректі кино, мультипликациялық фильм, ғылыми-көпшілік кино.

Қазақ киносы Қазан төңкерісінен кейін пайда болды. Алғашқы киношежіре 1925 жылы түсірілді. 1929 жылы Алматыда оның өндірістік бөлімі ашылды. 1934 жылы Алматыда «Кеңестік Қазақстан» киножурналын үзбей шығарып тұратын Республикалық киношежіре студиясы құрылды. Осыдан кейін қазақ киносы жаңа өркендеу жолына түсті. «Ленфильм» студиясының ұжымы қазақтың алғашқы кино қайраткерлерінің қатысуымен «Амангелді» (1938ж. Реж.М. З. Левин) көркемфильмін жасады. Қазақ көркем фильмінің тарихы осы туындыдан басталды. II дүниежүзілік соғыс жылдарында «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудиялары бөлімшесінің Алматыда болуы қазақ киносының одан әрі өркендеуіне әсерін тигізді. Бұл студиялар Алматыда бірігіп, «Біріккен орталық киностудия» деген атпен өзінің қызметін бастады.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Мәтінге сүйене отырып, кино өнері туралы әңгімелеңіз.**



### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Суретке қарап, керекті сөздерді қолдана отырып, фильмнің атын және басты кейіпкерлерді сәйкестендіріңіз.**



Фильмнің аты	Басты кейіпкерлер
Қыз Жібек	Төлеген
...	...
...	...
...	...

**Керекті сөздер:** Басты кейіпкерлер: Қыз Жібек, Бекежан, Қожа, Төлеген, Тана.  
Фильмнің аты: «Менің атым- Қожа», «Қыз Жібек», «Тақиялы періште».



## Сабақ тақырыбы: Астана күні

### ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыз, төменде берілген сөздердің аудармасын қолдана отырып, мазмұнын түсініп алыңыз.**

Ақмола қаласының негізі 1830 жылы қаланды. Оның атауы XII-XIV ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. 1956 жылы 26 желтоқсанда Ақмола оның орталығы болды. Қаланың аты 1961 жылы 20 наурызда Целиноград болып өзгерілді.

1997 жылы 20 қазанда Н.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Астана қаласы еліміздің басты қаласына айналды.

**Сөздер:** негізі – основа, ақ күмбезді бейіт – ... , өзгерілді – изменился, жариялау – объявить, рәсім - церемония, салтанатты - торжественная



### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Төмендегі жоспарды мәтін мазмұны бойынша орналастырыңыз, мәтінге сүйеніп мазмұндаңыз.**

#### Жоспар

1. Астана қаласы Қазақстанның астанасы.
2. Ақмола қаласының қаланған уақыты.
3. Жаңа астананың салтанатты ашылу рәсімі.



### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Берілген схема бойынша астананың құрылу жолын көрсетіп жазыңыз.**

#### Ақмола

1830 жылы



....



## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### **ЖАЗЫЛЫМ**

1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

**1. Астана қаласы қай жерде орналасқан?**

- А) Есілдің жағасында    В) Тарбағатау тауының бөктерінде    С) Алатау тауының жанында    Д) Қызылжар жерінде    Е) Медеу мұзайдынында

**2. Сөйлемді жалғастырыңыз.**

*Театр – ол ... .*

- А) білім ошағы    В) тәрбие ошағы    С) өнердің ордасы    Д) табиғат    Е) киноөнер

**3. Күләш Бәйсейітова театры қай қалада орналасқан?**

- А) Алматы    В) Қызылорда    С) Астана    Д) Тараз    Е) Ақтөбе

**4. Өмірбаян деген не?**

- А) сараптама    В) баяндама    С) мәтін    Д) адамның өмір жолы    Е) өлең жолдары

**5. Өмірбаян неден басталады?**

- А) аты-жөнінен    В) қайда тұратындығы    С) отбасынан    Д) ұлтынан    Е) жасынан

**6. «Кино өнері» аудармасы.**

- А) искусство    В) кинотеатр    С) кино культура    Д) традиция    Е) место отдыха

**7. Әкім Ысқақ ол кім?**

- А) ақын, сазгер    В) суретші, жыршы    С) ақын, әнші    Д) сазгер, жазушы    Е) әнші, биші



## 6-ТАҚЫРЫП: ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ

**Оқу мақсаттары:** шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау; мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру; жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, етістіктің шақтарының (ауыспалы осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

### Сабақ тақырыбы: Еліміздегі қорықтар



#### ЖАЗЫЛЫМ

1- тапсырма. Сурет бойынша керекті сөздерді жазып, сөз тіркес құрастырыңыз



#### ОҚЫЛЫМ

2- Мәтінді оқып, ақпаратты сәйкестендіріңіз.

Ақсу-Жабағалы-Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы қорық. Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Ақсу-Жабағалы қорығы Батыс Тянь-Шань тауының 85 шаршы метр аумағын алып жатыр. Қорықта өсімдіктердің 1279 түрі кездеседі. Оның 57 түрі Қызыл кітапқа енген. Онда сүтқоректі жануарлардың 51 түрі мекен етеді.

Қорғалжын қорығы Орталық Қазақстанда орналасқан. Кездесетін өсімдік пен жануар әлемінің барлық түрі Қызыл кітапқа енген. Су құстарының 300 түрі кездеседі. Қорғалжын қорығыны табиғатымен танысу аймақтық мұражайдан басталады.

	сөйлемдер	Ақсу-Жабағалы қорығы	Қорғалжын қорығы
1	Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы қорық		



2	Су құстарының 300 түрі кездеседі.		
3	Орталық Қазақстанда оналасқан		
4	Қорықта өсімдіктердің 1279 түрі кездеседі		

### ***АЙТЫЛЫМ***

**3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз:**



1. Қазақстанның қандай қорықтарын білесіз?
2. Қорықта нелер бар?
3. Қорықтағы жануарлар мен өсімдіктер қандай кітапқа енгізілген?
4. Қорғалжын қорығында неше су құстары кездеседі?

## Сабақ тақырыбы: Табиғатты аялайық!



### АЙТЫЛЫМ

1- тапсырма. Диалогты керекті қосымшамен толықтырып, айтыңыз:

- Арман, сәлем. Сен қандай сирек жануарларды біле (-мін, сің)?
- Сәлем, Санжар, мен қызыл қасқыр, ақ аю, қар барысын біле (-сіз, -мін).
- Арман, қалай ойлай (-мыз/сың), бұл жануарлар Қызыл кітапқа енгізілген бе?
- Иә, өйткені олардың саны азайып барады.
- Сирек кездесетін жануарлар қайдан кездестіре (-міз/-мыз)?
- Олар қорықтарда мекендей (-ді/-ты)?
- Рахмет, Санжар, сау бол.
- Сау бол, Арман.



### ОҚЫЛЫМ

2-Мәтінді оқып, жоспарды ретімен орналастырыңыз.

Табиғат-сұлулық пен әсемдік әлемі. Табиғатты қорғау-әр адамның парызы. Халқымыз табиғатты анаға теңейді. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Біз табиғатты сақтап, анамыздай аялауымыз керек.

Өсімдік- тіршілік тірегі. Оның қызметін бірде-бір жетілген механизм атқара алмайды. Өсімдіктер әлемі, жасыл желектер ауаны улы газ бен шаңнан тазартады.

Экология «тіршілік ету мекені, өмір сүретін отра» деген ұғымды білдіреді.

#### Жоспар:

1. Экология ұғымы.
2. Табиғатты қорғау
3. Өсімдіктер әлемі.



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді тауып, жұрнақтарын белгілеңіз, қай шақта тұрғанын анықтаңыз.


Мысалы: *теңе+й+ді (ауыспалы осы шақ)*

## Сабақ тақырыбы: Құстар мен жануарлар әлемі



### АЙТЫЛЫМ

1- тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарға дұрыс жауапты анықтаңыз.



1. Мынау не?

- ✓ Құстар
- ✓ Жәндіктер
- ✓ Аңдар

2. Олар не істейді?

- ✓ Жүреді
- ✓ Ұшады
- ✓ Өрмелейді

3. Құстың атауын табыңыз.

- ✓ Улар
- ✓ Қасқыр
- ✓ Барыс



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, төменгі сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз..

Халықаралық табиғатты қорғау одағы 1948 жылы тіршілікті қорғауды қолға алды. Бір жылдан соң сирек кездесетін түрлерді қорғайтын комиссия құрылды. Комиссия төрағасы Питер Скотт адамдардың қып-қызыл түске назарын аудару үшін Қызыл кітап деген атауды ұсынды. Ең алғашқы Қызыл кітап 1963 жылы жарық көрді. Қызыл кітапқа жойылып бара жатқан, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер енген.

- **А-** Ең алғашқы Қызыл кітап 1963 жылы жарық көрді.
- **Б-** Комиссия төрағасы Питер Скотт.
- **С-** Халықаралық табиғатты қорғау одағы 1948 жылы тіршілікті қорғауды қолға алды
- **Д-** Қызыл кітапқа жойылып бара жатқан, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер енген.

- **Е-** Бір жылдан соң сирек кездесетін түрлерді қорғайтын комиссия құрылды.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-Сурет бойынша диалог құрастырыңыз.



## Сабақ тақырыбы: Өсімдіктер әлемі

### ЖАЗЫЛЫМ

1 –Сөздерді аударып,сәйкестендіріңіз. Сөз тіркестерді құрастырыңыз.

өсімдік	полюнь
жусан	болезнь
шипалы	растение
емшілер	лечебное
ауру	лекарь

### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып,кестедегі сөйлемдердің жалғасын анықтаңыз.

Қазақ халқы әр өсімдіктің пайдасы мен зияны туралы білген. Дарқан даламызда жайыла өсетін қарапайым жусанды алайық. Бұл өсімдіктің дермене жусан атты түрін қазақтың халық емшілері ішеккұрт ауруын емдеуге қолданған. Баяғы заманда бабаларымыз бұл өсімдікті сауда керуендері арқылы шетелдерге жіберетін болған. Ал қара жусанның тамырын тәбет ашуға ,ішек, асқазан, бауыр, өт ауруына пайдаланған. Яғни өсімдіктің әр бөлігін жинау қағидалары сақталуы тиіс,әйтпесе оның құрамы өзгеріп, шипалы қасиеттері бұзылады.

#### Сөйлем

Қазақ халқы әр өсімдіктің... .. туралы білген

Дарқан даламызда жайыла өсетін... .. алайық

Қазақтың халық емшілері... .. емдеуге қолданған

Ал қара жусанның тамырын... .. ауруына пайдаланған

Оның құрамы өзгеріп, ... қасиеттері бұзылады.

...

#### жалғасы

А-...ағы мен қарасы...

Ә-...ащысы мен тұшысы...

Б-... пайдасы мен зияны...

А-...ақ қайынды ...

Ә-... қарапайым жусанды...

Б-...жасыл теректі...

А-... ішеккұрт ауруын

Ә- ... жүрек ауруын

Б-... бас ауруын

А- ... тәбет ашуға ,ішек, асқазан, бауыр, өт...

Ә-... жүйке ,тамыр, бұлшық ет...

Б-... құлақ,тамақ,мұрын....

А...тәрбиелі.

Ә-... шипалы

Б-... пайдалы

### АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма.Диалогты керекті сөздермен толықтырып,айтыңыз:

-Сен қандай пайдалы ... білесің?

--.Мен ... өсімдігін білемін

-Оның қандай қасиеті бар?

-Ол ..., өйткені ол адамдардың түрлі ауруларын емдейді.

-Қандай ... емдейді?

- .... , ... ауруын .

- жусан өте пайдалы өсімдік екен .

-Әрине пайдалы.

#### КЕРЕКТІ СӨЗДЕР:

Жусан,асқазан,  
ауруларды, ішек,  
өсімдікті, шипалы,

## Сабақ тақырыбы: Қарлығаш, дәуіт, жылан

### АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Суреттегі тіршілік иелерін сөздермен сәйкестендіріңіз.



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, кестені толтырыңыз.

Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, балапандарымен өмір сүріпті.

Бір күні қарлығаштың ұясына жауыз жылан өрмелеп бара жатады. Қарлығаш шырылдап, бәрінен көмек сұра бастайды. Ешкім көмекке келмейді.

Бір кезде қарлығаштың шырылдаған дауысына дәуіт келеді.

- Достым, не зарлайсың? - деп сұрайды дәуіт.

- Жауыз жылан балапандарымды жеп қоймақшы болып, ұяма өрмелеп бара жатыр. Не істерімді білмеймін, - деп жылайды қарлығаш.

- Тез, жеткіз мені ұяңа, - дейді дәуіт.

Дәуіт аяғымен тырнап, жыланның екі көзін ағызып жіберді. Жауыз жылан жерге құлап, мерт болады.

Содан кейін дәуіт пен қарлығаш айнымас дос болыпты.

		ИӘ	ЖОҚ
1	Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, балапандарымен өмір сүріпті.		
2	Бір күні қарлығаштың ұясына жауыз дәуіт өрмелеп бара жатады.		
3	Бәрі көмекке келеді.		
4	Достым, не зарлайсың? - деп сұрайды жылан.		
5	Дәуіт пен қарлығаш айнымас дос болыпты.		

--	--	--	--

## **ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырып, жазыңыз.**

Бір күні қарылғаштың ұясына жауыз ... өрмелеп бара жатады.

... шырылдап, бәрінене көмек сұра бастайды. Ешкім ... келмейді.

... аяғымен тырнап, жыланның екі көзін ағызып жіберді.



**КЕРЕКТІ СӨЗДЕР: Қарылғаш, жылан, Дәуіт, көмекке.**

## Сабақ тақырыбы: Қызыл кітап және оның рөлі.

### АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Сұрақтар мен жауаптарды сйкстендіріңіз.

Кітапқа не шін Қызыл кітап деп атау берілді?	Табиғатта тіршілік иелерін қорғап қалу
Қызыл кітаптың міндеті не?	Сирек кездесетін, жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер
Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?	Адамдардың қып-қызыл түске назарын аудару үшін берілді

### ОҚЫЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақстанның Қызыл кітабы- ҚР аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді сипаттамасы берілген арнайы басылым.

Бұл кітап 1978 жылдан шығарыла бастады. Үшінші басылымы толықтырылып қазақ тілінде шықты. Үшінші басылымда тіркелген жануарлар түрі 5 категория бойынша берілген:

1-категория- жойылып бара жатқан;

2-категория- саны азайып бара жатқан;

3-категория-сирек кездесетін;

4-категория-ғылыми тұрғыдан толық зерттелмеген;

5-категория-қалпына келтірілген түрлер.

### Сұрақтар:

1. Жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер қандай кітапқа енгізілген?
2. Қазақстанның Қызыл кітабы қашан шығарыла бастады?
3. Үшінші басылым қай тілде жазылды?
4. Жануарлар түрі неше категория бойынша берілген?

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген етістіктерді ауыспалы осы шақта жіктеңіз.

Мысалы: **Мен үйрен+е+мін**

**Сен үйрен+е+сің**

**Сіз үйрен+е+сіз**

**Ол үйрен+е+ді**

Етістіктер: *қорғау, білу.*



## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### ЖАЗЫЛЫМ



Тест.

**1. Табиғатқа жатпайтын сөзді табыңыз.**

А-су. Б-жануар.

С-гүл, Д-өлең

**2. Жануарлар мен өсімдіктерді қорғауға арналған арнайы орын қалай атайды ?**

А-орман. Б- қорық

С-балабақша, Д-мектеп

**3. Етістіктің неше шағы бар?**

А-3. Б-2

С-4. Д- 5

**4. Қорғалжын қорығы қайда орналасқан?**

А-Орталық Қазқстанда. Б- Батыс Қазқстанда С- Шығыс Қазқстанда . Д- Оңтүстік Қазқстанда

**5. Сөйлемді толықтырыңыз: Табиғатты ... -әр адамның парызы.**

А-жақсы көру. Б-қорғау.

С-зерттеу, Д-білу

**6. Етістіктің ауыспалы осы шағын анықтаңыз.**

А- улы газ. Б- су құсы

С- азайып барады, Д-қызыл кітап

**7. Сұраққа жауап беріңіз: Жусан- қандай өсімдік?**

А-улы. Б-шипалы.

С-зиян, Д- жаңа

**8.«Қарылғаш,дәуіт,жылан » ертегінің кейіпкерлерін анықтаңыз?**

А-Жабай мен Қабай. Б-ана мен бала.

С-әуіт пен қарылғаш. Д- кенші мен малшы

**9. Алғашқы Қызыл кітап қашан шықты ?**

А-1948ж. Б-1978ж.

С-1963ж. Д- 1954ж

**10. Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енгізілді?**

А-азайып бара жатқан,сирек кездесетін. Б-пайдалы мен зиянды

С-жаңа өскен Д- шипалы өсімдіктер



## 7-ТАҚЫРЫП: БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

**Оқу мақсаттары:** тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру, тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру, мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру; жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, етістіктің шақтарының (жедел өткен шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

### Сабақ тақырыбы: Мамандықтар



#### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Диалогты керекті сөздермен толықтырып, айтыңыз:

- ..., сәлем. Саған қандай мамандықтар ұнайды?
- ..., Санжар, маған .... ұнайды, өйткені ол адамдарды құтқарады.
- Арман, ал өрт сөндіруші ... болу керек деп ойлайсың?
- Ол өте ... болу керек
- Ал маған ... мамандығы ұнайды, себебі ол дәмді, түрлі тағамдарды пісіре алады.
- Жақсы, Санжар, жүр, бірге ойнайық .
- Жақсы.

#### КЕРЕКТІ СӨЗДЕР:

аспаз, сәлем,  
Арман, батыл,  
өрт сөндіруші,  
қандай



#### ЖАЗЫЛЫМ

2- тапсырма. Мамандықтардың атауларын кластерге жазыңыз



#### ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді оқып, өлең жолдары мен мамандықтар атауларын сәйкестендіріңіз.

Мен инженер боламын  
Жерден алтын табамын  
Жолын қуамын әйгілі  
Академик ағаның.

Мен ғарышкер боламын  
Жұлдызға ұшып барамын  
Жолын қуамын атақты  
Тоқтар сынды ағаның

Мен дәрігер боламын

Ал мен ақын боламын

Үлкенің де, баланың  
Қиналғанда қасына  
Бірінші боп барамын

Сусылдаған қаламым  
Адамдардың жүрегін  
Жырмен жаулап аламын

<b>мамандық</b>	<b>өлең жолдары</b>
инженер	Жұлдызға ұшып барамын
ғарышкер	Қиналғанда қасына бірінші боп барамын
дәрігер	Жерден алтын табамын
ақын	Адамдардың жүрегін жырмен жаулап аламын

## Сабақ тақырыбы: Мамандық-кез келген еңбектің атауы



### АЙТЫЛЫМ

1- тапсырма. Сөздерді сөздікпен аударып, сәйкестендіріңіз:

жұмыс	кәсіп
жалақы	оқу
мамандық	еңбек
білім алу	еңбекақы

### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ерте заманда мамандықтың түрлері көп болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысқан. Бірақ ерлер мен әйелдерге бөлінген жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасады. Ал әйелдер киім тіккен, тамақ пісіріп, өсімдіктерді жинап, бала тәрбиелеген.

Қазір қоғам дамып, көп мамандықтар пайда болған. Бірақ кез келген еңбек мамандық емес. Маман болу үшін білім алу керек. Және еңбекке қарай жалақы төленеді.

	ИӘ	ЖОҚ
Қазір мамандықтардың түрлері аз ба?		
Ерлер киім тігіп, үй шаруасымен айналыса ма?		
Әйелдер үй тұрғызып, аң аулайды ма?		
Маман болу үшін оқу керек пе?		



### ЖАЗЫЛЫМ

3- тапсырма. Мәтінді пайдаланып, кестені толықтырыңыз.

Ер адамдарға қатысты жұмыстар	Әйелдерге қатысты жұмыстар

## Сабақ тақырыбы: Саяхат

### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттегі саяхатшылардың жолдорбасында не бар деп ойлайсың?



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, төменгі сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз.

Саяхатты үлкендер де, балалар жақсы көреді.

Таза ауа мен жасыл табиғат сізге күш-қуат сыйлайды. Бірнеше күн саяхаттап, демалып аласыз.

Саяхат арқылы сіз туған жеріңіз бен өзге халықтың мәдениетімен, тұрмысымен танысасыз, өзіңізге жаңалық ашасыз.


Ойлануға көп уақыт бөлесіз.

Саяхат жасау үшін тек алыс мекенге емес, қаланың шетіне барсаңыз да болады. Мәселен, тауға серуендеуге шығыңыз. Балық аулап көріңіз.

- **А**-Саяхат арқылы сіз туған жеріңіз бен өзге халықтың мәдениетімен, тұрмысымен танысасыз, өзіңізге жаңалық ашасыз.
- **Б**-Саяхатты үлкендер де, балалар жақсы көреді.
- **С**-Таза ауа мен жасыл табиғат сізге күш-қуат сыйлайды
- **Д**-Саяхат жасау үшін тек алыс мекенге емес, қаланың шетіне барсаңыз да болады

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Саяхат» сөзіне кластер жасаңыз.



## Сабақ тақырыбы: «Жер астына саяхат»



### АЙТЫЛЫМ

1- тапсырма. Сурет бойынша сөздерді пайдаланып 2-3 сөйлем құрастырып айтыңыз



*Геолог, тау, сырын,  
зерттейді, ашады,  
тау қойнауында.*



### ОҚЫЛЫМ

2- тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ақжан Машанов – геолог-ғалым, геология, минерология ғылымының докторы, профессор.

1957 жылы Ақжан Машанов «Жер астындағы саяхат» атты ғылыми-фантастикалық кітапты жазды. Шығарманың кейіпкерлері Жабай мен Қабай туған жердің тирихи аймақтарына саяхат жасады. Олар жерасты әлемінің көп қызықты сырларын ашты. Кітапта Күн жүйесі мен Жердегі тіршіліктің пайда болуы тарихы суреттелді.

- 1) *Ақжан Машанов-кім?*
- 2) *Ол қандай еңбектің авторы?*
- 3) *Бұл шығарманың кейіпкерлері кімдер?*
- 4) *Кітап не туралы?*



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді тауып, жұрнақтарын белгілеңіз, қай шақта тұрғанын анықтаңыз.

Мысалы: *жаз+ды (өткен шақ)*

## Сабақ тақырыбы: Жер астындағы қызықты оқиғалар



### АЙТЫЛЫМ

2- тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарға дұрыс жауапты анықтаңыз.



1. Мынау не?

- ✓ Дала комбайны
- ✓ Тау комбайны
- ✓ Су комбайны

2. Ол не істейді?

- ✓ Бидай орады
- ✓ Суды тазартады
- ✓ Жер қазады

3. Ол комбайнда кім жұмыс істейді?

- ✓ Кенші
- ✓ Егінші
- ✓ Теңізші



### ОҚЫЛЫМ

3- тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлемдердің дұрыс/бұрысын белгілеңіз. реттеңіз.

Егінді өзі оратын, өзі жинайтын мәшине комбайн ғой. Жер астында да тау комбайны бар екен. Ол көмірді тілгілеп-жіктеп алады, өзі құлатады, өзі жинайды, конвейерге тиеп салады. Тау комбайнның болат сары тістері, үлкен қалағы бар. Осы тамаша мәшинені кенші жұмысшылар басқарады. Көмір пласттарын қалай қазу керек екенін көрсетіп, өлшеп инженер, геологтер де жүр. (А. Машанов «Жер астына саяхат»)

№	сөйлем	Дұрыс/бұрыс
1	Егінді өзі оратын, өзі жинайтын мәшине тау комбайн ғой	
2	Ол көмірді тілгілеп-жіктеп алады, құлатып, жинап, конвейерге тиеп салады	
3	Тау комбайнның болат сары тістері, үлкен қалағы болады	
4	Тау комбайнды егінші басқарады	
5	Жер астында кеншілер, геолог, инженер жұмыс істейді	

### ЖАЗЫЛЫМ



4- тапсырма. Берілген сөздерді сөздікпен аударып, сөз тіркестер жазыңыз.

*Шахта, қазба байлықтар, көмір, жерасты, қауіпсіздік, кенші.*

## Сабақ тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы



### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіздің ата-анаңыз қандай мамандық иелері?
- Сіздің досыңыз қай мамандықты таңдады?
- Сізге қай мамандық ұнайды?



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңді оқып, керекті сөздермен толықтырыңыз.



Зәулім мектеп алаңы,  
Көркем үйді қаланы,  
Балалардың бақшасын  
... салады

Мәрмәр тасты дінгекті,  
Театрды көрнекті,  
Әсем ою-өрнекті  
... салады



... ағам-жақсы ағам,  
Еңбегіне мақтанам,  
Көмір қазып, кен қазып,  
Ел сенімін ақтаған

.. ағам-сыйлы адам.  
Тау-тау кенді жинаған.  
Ері бол деп еңбектің  
Маған каска сыйлаған

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлемді керекті сөздермен толықтырып, жазыңыз.



- ... музыка шығарады.
- ... нан өсіреді.
- ... қазба байлықарды зерттейді.
- ... өлең шығарады.
- ... адамдарды емдейді.
- ... мал бағады.

**ақын, малшы,**  
**егінші, дәрігер,**  
**геолог, композитор,**

Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



## ЖАЗЫЛЫМ

Тест.

**1.Мамандыққа жатпайтын сөзді табыңыз.**

А-ғарышкер. Б-кенші.

С-зейнеткер, Д-егінші

**2.Өрт сөндіретін, адамдарды құтқаратын маманды қалай атайды ?**

А-ғарышкер. Б- бапкер

С-өрт сөндіруші, Д-егінші

**3.Етістіктің неше шағы бар?**

А-3. Б-2

С-4. Д- 5

**4. Саяхатқа қайда баруға болады?**

А-кітапхана. Б-мұражай

С-табиғат . Д- балабақша

**5. Сөйлемді толықтырыңыз: ... тастарды зерттейді**

А-заңгер. Б-кенші.

С-геолог, Д-егінші

**6.Етістікті анықтаңыз.**

А- жерасты. Б- тау қойнауы

С- жұмыс істейді, Д-зәулім үй

**7.Сұраққа жауап беріңіз: Ақжан Машанов- кім?**

А-білімді заңгер. Б-атақты кенші.

С-геолог- ғалым, Д- еңбекқор егінші

**8.«Жер астына саяхат » кітабының кейіпкерлерін анықтаңыз?**

А-Жабай мен Қабай. Б-ана мен бала.

С-егінші мен малшы. Д- кенші мен геолог

**9. Жер астында кімдер жұмыс істейді ?**

А-Жабай мен Қабай. Б-ана мен бала.

С-егінші мен малшы. Д- кенші мен геолог

**10. Ер адамдардың жұмысын анықтаңыз**

А-үй тұрғызады. Б-киім тігеді

С-бала тәрбиелейді Д- өсімдіктерді жинайды



**Оқу мақсаттары:** коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру; орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау; етістіктің шақтарының (ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

## Сабақ тақырыбы: Жібек жолы

### **АЙТЫЛЫМ**



1- тапсырма. Сурет бойынша 3-4 тірек сөзді айтыңыз.



1-  
2-  
3-  
4-

### **ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді оқып, ақпаратты сәйкестендіріңіз.



Ұлы Жібек жолы ерте замандағы сауда-саттық жолы болып табылады. Жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» деп атанған. Батыс пен Шығыс кең-байтақ өлкелерді қосқан жолды «Ұлы» деп қосысып айтылған. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» деп тарихта қалған.

Сауда керуендері Қытайдан Жерорта теңізіне дейін созылып, Еуропа мен Азияны қосқан жол. Осы жолдың ұзақ бөлігі Қазақстаннан өткен. Жібек жолы бойында көне қалалар, мәдениет пен өркениет дамыған.

Ұлы Жібек жолы біздің заманымызға дейін III ғасырда пайда болып, XVI ғасырға дейін сауда магистралі ретінде қызмет етті.

1	Ұлы Жібек жолы ерте замандағы қандай жол болды?	А	Жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» деп атанған.
2	Неліктен «Жібек жолы» деп атанған?	Ә	Жібек жолы бойында көне қалалар, мәдениет пен өркениет дамыған.
3	Ұлы Жібек жолы қай жерлерді қосқан?	Б	Ұлы Жібек жолы ерте замандағы сауда-саттық жолы болып табылады
4	Жібек жолы бойында нелер дамыған?	В	Ұлы Жібек жолы біздің заманымызға дейін III ғасырда пайда болған
5	Ұлы Жібек жолы қашан пайда болған?	Г	Сауда керуендері Еуропа мен Азияны қосқан жол

### **ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Ауыспалы шақтың жұрнақтарын қосып, етістіктерді көшіріп жазыңыз.


Пайда бол...ды, сат...ды, өт...ді, қызмет ет...ді, айтыл...ды, кел...ді.



## Сабақ тақырыбы: Тарихи жолдың атауы

## АЙТЫЛЫМ


1-тапсырма. Диалогты қажетті сөздермен толықтырыңыз.

- 
- Сәлеметсің бе, ...
  - ..., Арман.
  - Сәуле, сен қай қалада тұрасың?
  - Мен ... .. тұрамын.
  - Ол қандай қала?
  - Түркістан өте әдемі ,... қала. Ертеде қала арқылы Ұлы ... жолы өткен.
  - Қандай керемет екен.

**ҚАЖЕТТІ СӨЗДЕР:** *көне, Түркістан қаласында, Сәуле, сәлем, Жібек .*

## ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспарды реттеңіз.



Отырар, Тараз, Сайрам, Түркістан, Суяб көне қалалары сауда, мәдениет, ғылым орталықтары болған.

Ертеде Тараз базарын «әлем айнасы» деген, өйткені бұл базарда кез келген затты сатып, айырбастап, сатып алуға болатын.

Отырар қорған сарайларға бай болатын. Саудамен қатар мұнда ғылым мен мәдениет жақсы дамыған. Отырар ірі кітапханасы бүкіл әлемге әйгілі . Оның кітап қоры өте бай болған.


Түркістанды ертеден «Екінші Мекке» деп атаған. Қазір бұл қала туризм орталығы болды.

**Жоспар:**

- 1) Тараз базары- «Әлем айнасы»
- 2) «Екінші Мекке»
- 3) Көне қалалар
- 4) Әлемге әйгілі Отырар ірі кітапханасы

## ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша сызба жасаңыз.



**Сабақ тақырыбы:** «Жібек жолы» романы

## ТЫНДАЛЫМ

### 1-тапсырма. Мәтінді тыңдап сұрақтарға жауап беріңіз.

Дүкенбай Досжанов –қазақ жазушысы,ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері. Жазушы 1942 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Құлыншақ ауылында туған. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірен.

Дүкенбай Досжанов 11 роман, 22 хикаят, 100-ден астам әңгімелер жазды. Жазушының «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби», «Абай айнасы», тағы басқа кітаптары жарық көрген. Оның шығармалары әлемнің 20 тіліне аударылған.

1-Дүкенбай Досжанов-кім? А-қазақ суретшісі, Б-орыс жазушысы, С- қазақ жазушысы, Д-қырғыз ақыны.

2-Дүкенбай Досжанов қайда туған? А-Қызылорда облысы,Жаңақорған ауданы,Құлыншақ ауылында, Б-Қарқаралы облысы,Жаңақорған ауданы,Құлыншақ ауылында,

С-Қызылорда облысы Жетісу ауданы,Қайын ауылында, Д- Қостанай облысы Жаңақорған ауданы,Құлыншақ ауылында.

3-Жазушы неше роман жазды? А-22, Б-11, С- 110ден астам,Д- 20 .

4-Дүкенбай Досжановтың шығармасын анықтаңыз: А-«Абай жолы», Б-«Түркістан», С-«Көне қалалар", Д- «Жібек жолы» .

## ОҚЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтінді оқып, ақпараттың дұрыс/бұрысын анықтаңыз.

Сығанақ- қыпшақтың ежелгі қаласы. «Тума жазбалары» дейтін көне шежіреде Х ғасырда шаһар Сунақ деп аталған. Бұл «суын нақ» , «қоналқы» деген ұғымды білдіреді екен. Ал XI ғасырда қала туралы кезбелер көбірек жазды. Махмұт Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» деген еңбегінде «Суғнақ ғұздар еліндегі қала» деген түсініктеме бар. Араб тарихшылары Отырар мен Сығанақты салыстыра дәрептеген. Олардың ұымынша,Сығанақ Темірқазық жұлдызы іспетті еді. Елшілер мен жазушылар қаланы Дешті Қыпшақтың «Екінші шаңырағы», Ұлы Жібек жолының алтын қақпасы деп атаған. (Д.Досжанов.«Жібек жолы» романы)

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Сығанақ- арабтың ежелгі қаласы		
Сунақ «суын нақ» , «қоналқы» деген ұғымды білдіреді екен		
Ал XI ғасырда қала туралы кезбелер көбірек жазды.		
Араб тарихшыларының ұымынша,Сығанақ Темірқазық жұлдызы іспетті еді.		
Қаланы Ұлы Жібек жолының жаңа қақпасы деп атаған.		

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма.Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырып, жазыңыз.

Сығанақ- қыпшақтың ежелгі ....

Көне шежіреде 10 ғасырда шаһар ... деп аталған.

Ал ...ғасырда қала туралы көбірек жазды.

Елшілер мен жазушылар қаланы Дешті Қыпшақтың ... .. деп атаған.

Сунақ,

Екінші шаңырағы

Қаласы

XI

Сабақ тақырыбы: Дешті Қыпшақ елінде

## АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.



- Дүкенбай Досжанов – кім?
- Оның қандай романын білесіз?
- Жазушы қандай көне қалалар туралы жазған?
- Ол қалалар туралы не айта аласыз?

## ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Дешті Қыпшақ елінде атам заманнан бері үш жылда бір рет Батыр Сайысы деген дәстүрлі жиын өтіп тұратын. Сайыста батырлардың білек күші, жарақ жұмсау тәсілі сынға түсетін. Қолбасшыларының ауызбірлігі сыналатын. Сайыстан кейін үлкен той-думан жасалып, батырлар бір-бірімен төс қағысып, достасып, ел-елдің арасына сыйластық енетін. Енді осы сайыстың қол шығыны жеңіп шыққандардың шапан-шапқытын, тойдың шығыны қыпшақтың белгілі билер, майлыауызды байлары кезек көтерісіп жататын.

(Д. Досжанов. «Жібек жолы» романы)

**Сұрақтар:**

1. Дешті Қыпшақ елінде атам заманнан бері қандай дәстүрлі жиын өткізілетін?

А- Ақындар Сайысы, Б- Батырлар Сайысы, С- Шешендер Сайысы

2. Батырлар сайысында батырларды қалай сыңайтын?

А- көркем сөз өнері, Б- аңшылығы, С- күш пен жарақ жұмсауы

3. Сайыстан кейін не жасалатын?

А- бәйге, Б- жарыс, С- той

4. Сайыс пен тойдың шығынын кімдер көтерісіп жататын?

А- майлыауызды байлар мен белгілі билер, Б- хан мен уәзірлер, С- жұрт

## ЖАЗЫЛЫМ



3-тапсырма. Сөздік көмегімен сөздерді аударып, синонимдерін анықтаңыз.

Сөздер	Аударма сөздер	Синонимдер
батыр	праздник	ер
той	соревнование	салт
дос	друг	жарыс
Сайыс	традиция	мейрам
дәстүр	герой	жолдас

Сабақ тақырыбы: «Боран жолы»



## АЙТЫЛЫМ



1- тапсырма. Сөздердің аудармасын оқып, 2-3 рет қайталаңыз.

**Зергер- ювелир**  
**Зергерлік бұйымдар-ювелирные изделия**  
**Шолпы-подвески**  
**Білезік-браслет**  
**Саудагер-торговец**

## ОҚЫЛЫМ



2- тапсырма. Мәтінді оқып, ақпаратты сәйкестендіріңіз.

«Ұлы Жібек жолының» Қызылқұмды көктеп өтетін тармағы «Боран жол» деп аталатын. Аталмаш қалалардың ұстасы мен зергері бұйым жасап, сол керуен жолына шығаратын, ағылып жатқан саудагерлерге сататын. Жиігіне жақұт тастарын қондырған шолпы, алтын тана, жыланбас білезік, қып-қызыл маржан тасынан тізген шолпы, берісі Бұхар, әрісі Бағдат базарында қараған көзді сүріндірді, саудагерді сақылыққа үйретті. Түгіскен ұсталарын дүниеге машһүр етті...

*(Д.Досжанов. «Жібек жолы» романы)*

1	«Ұлы Жібек жолының» Қызылқұмды көктеп өтетін тармағы...	А	...ағылып жатқан саудагерлерге сататын
2	Аталмаш қалалардың ұстасы мен зергері бұйым жасап, сол керуен жолына шығаратын...	Ә	...дүниеге машһүр етті...
3	Жиігіне жақұт тастарын қондырған шолпы, алтын тана, жыланбас білезік, қып-қызыл маржан тасынан тізген шолпы...	Б	...«Боран жол» деп аталатын
4	Түгіскен ұсталарын...	В	берісі Бұхар, әрісі Бағдат базарында қараған көзді сүріндірді, саудагерді сақылыққа үйретті

## ЖАЗЫЛЫМ



2- тапсырма. Берілген сөздерді етістіктің ауыспалы келер шағында жіктеңіз.

Мысалы:

**Мен сатамын**

**Сен сатасың**

**Сіз сатасыз**

**Ол сатады**

**Үйрету, жасау**

Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

## **ЖАЗЫЛЫМ**

Тест.

**1.Сөз тіркесті жалғастырыңыз: Ұлы Жібек ...**

А-алаңы. Б-қала

С-жолы, Д-елі

**2.Жібек жолы ненің орталығы болған?**

А- мәдениет, білім мен өркениет . Б-саяхат

С- өнер, Д- демалыс

**3.Етістіктің неше шағы бар?**

А-3. Б-2

С-4. Д- 5

**4. Көне қалаларға жатпайтын қаланы белгіле?**

А-Сайрам. Б-Отырар

С-Сығанақ . Д- Астана

**5. Сөйлемді толықтырыңыз:Жібек жолы ... пайда болған**

А-біздің заманымызға дейін III ғасырда . Б-біздің заманымызға дейін I ғасырда

С-біздің заманымызға дейін II ғасырда , Д- III ғасырда

**6.Етістікті анықтаңыз.**

А- Жібек жолы. Б- алтын қақпа

С- дүниеге келеді, Д-Батырлар сайысы

**7.Сұраққа жауап беріңіз: Дүкенбай Досжанов- кім?**

А-білімді заңгер. Б-қазақ жазушысы

С-геолог- ғалым, Д- еңбекқор егінші

**8.«Жібек жолы » романында қай ел суреттеледі?**

А-Дешті Қыпшақ Б- Қытай елі

С- Батыс елдері Д- Жапония елі

**9. Зергерлік бұйымдарды кімдер жасайды ?**

А-заңгер. Б-кенші.

С-зергер, Д-егінші

**10.Зергерлік бұйымға жатпайтын сөзді табыңыз.**

А-сайыс. Б-шолпы

С-білезік, Д-маржан

**Оқу мақсаттары:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау; шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру, жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сын-қимыл (бейне) және мөлшерүстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орындықолдану

**Сабақ тақырыбы: Жері байдың-елі бай**

## АЙТЫЛЫМ



1- тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:



-Сен қай елде тұрасың?

...

-Қазақстан Республикасы қандай?

...

-Онда нелер бар?

....

## ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспардың дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

Менің Отаным-Қазақстан. Қазақстанның жері ұлан-байтақ. Жерімізде пайдалы қазбалар бар. Қазақстан Республикасы- Еуразия құрлығындағы мемлекет. Табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала да, орман да, тау да, өзен де, көл де, шөлді аймақтар да бар. Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы-Астана. Ол Есіл өзеннің бойында, қасиетті Сарыарқа жерінде орналасқан. Астана-үлкен, әсем, таза қала. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасында бидай масағы мен қанатты пырақтар бейнеленген. Бұл- туған жерімізге деген терең сүйіспеншілік. Өсімдіктер мен жануарлар әлемің қадірлеп- құрметтеден туындаған.

### Жоспар-1

1. Отаным-Қазақстан
2. Еліміздің табиғаты әр алуан.
3. Қазақстанның бас қаласы-Астана
4. Туған жерімізге сүйіспеншілік

### Жоспар-2

1. Отаным-Қазақстан
2. Туған жерімізге сүйіспеншілік
3. Еліміздің табиғаты әр алуан.
4. Қазақстанның бас қаласы-Астана

## ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрап жазыңыз.

**ТІРЕК СӨЗДЕР:** Қазақстан, табиғат, жері, Астана, бай, әсем



**Сабақ тақырыбы:** Пайдалы қазбалар

## АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. **Жер байлығына нелер жатады?** ( 2-3 сөйлеммен жауап беріңіз)

### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, ақпаратты кестеге көшіру.

Жер байлығы пайдалы қазбалары –жер қойнауында кездесетін табиғи минералды заттар. Өзінің физикалық қасиеті бойынша қатты,сұйық, және газ тәрізді болып үшке бөлінеді.


Пайдаланылуына байланысты олар мынадай топтарға бөлінеді: жанғыш –көмір, мұнай, жанғыш газдар мен тақталастар;құрылыстық-гранит, мрмәр,утас, құм және тағы басқалар; химиялық шикізат- күкірт, калий тұзы, апатит,графит және тағы басқалар; отқа төзгіш шикізат: қара,түсті және сирек металл кендері және тағы басқалар.



### МИНИРАЛДЫ ЗАТТАР ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



**Пайдаланылуына байланысты қандай топтарға бөлінеді?**



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырып, көшіріп жазыңыз.

Жері байдың-елі... Қазақстанда табиғи байлықтар өте... Соның бірі-....

Мұнай-еліміздің байлығы. Мұнайшылар оны жер астынан алады.Мұнай ... көп өндіріледі.

**КЕРЕКТІ СӨЗДЕР: Қазақстанда, мұнай, көп, бай.**



Сабақ тақырыбы: Менің елім



## АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Диалогты керекті сөздермен толықтырып айтыңыз.

-Арман, сен қайдан келдің?

-...

-Қазақстан Республикасы қандай?

-...

-Онда қандай пайдалы қазбалар бар?

-...

*Керекті сөздер: мұнай, көмір, газ, үлкен, бай, Қазақстаннан.*



## ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Елімізде кен орындар мол. Ересен байлығымен қиялынды қайран қалдыратын Кенді Алтай, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Қостанай өңірлерін мақтанышпен атауға болады.

Кенді Алтайдың сирек және шашыранды элементтер орналасқан бірнеше жүздеген қорғасын, алтын, күміс кен орны белгілі. Оның байтақ қойнауында халық шаруашылығына керекті пайдалы қазбалар көп.

1. *Еліміз неге бай?*
2. *Қандай өңірлер пайдалы қазбаларға бай?*
3. *Кенді Алтайда қандай кен орындары бар?*
4. *Оларды қайда пайдаланады?*

## ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша сөздерді мағынасына қарай сәйкестендеріңіз.



1	Елімізде	а	пайдалы қазбалар	1	болады
2	Керекті	ә	атауға	2	өңірі
3	Мақтанышпен	б	Қазақстан	3	көп
4	Солтүстік	в	кен орындар	4	мол

## Сабақ тақырыбы: «Ана -Жер-Ана»

### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Ана» шығармасында соғыстан кейін зардап шеккен халықтың жағдайы, қиын кезеңді бастан кешірген аяулы аналар тағдыры. Повестегі басты кейіпкері –Тоғанай- ержүрек, батыл, еңбекқор ана. Шығармада ананың қиын, қайғылы өмірі суреттеледі.

№	сұрақ	№	жауап
1	Ш.Айтматов қандай шығарма жазды?	А	Повестегі басты кейіпкері –Тоғанай
2	«Ана-Жер-Ана» шығармасында қай кездегі халықтың жағдайы баяндалады?	Ә	Тоғанай- ержүрек, батыл, еңбекқор ана
3	Повестегі басты кейіпкері –кім?	Б	Шығармада ананың қиын, қайғылы өмірі суреттеледі.
4	Тоғанай-қандай ана?	В	«Ана-Жер-Ана» шығармасында соғыстан кейін зардап шеккен халықтың жағдайы баяндалады
5	Шығармада не суреттеледі?	Г	Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Ана» шығармасын жазды

### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Диалогты керекті сөздермен толықтырып, айтыңыз

- Алишер, бұл кім, білесің бе?
- Ия, бұл ... .. ғой.
- Ол кім екен?
- Ол белгілі ...
- Сен оның шығармаларын ... .. ?
- Әрине, оның ... .. деген кітабын оқыдым, өте қызықты.



**КЕРЕКТІ СӨЗДЕР:** оқыдың ба, «Ана-Жер-Ана», Шыңғыс Айтматов, жазушы

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, мағынасы жақын сөздерді сәйкестендеріңіз.

Ана	ержүрек
батыл	жұрт
соғыс	ауыр
қиын	шеше
халық	ұрыс

## Сабақ тақырыбы: Толғанай-аяулы бейне

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма.

	ИӘ	ЖОҚ
Ш. Айтматов – ақын ба?		
Ол «Ана- Жер –ана» шығармасын жазды ма?		
Шығарма ананың қиын өмірі туралы ма?		
Басты кейіпкері – Томирис пе?		

### ОҚЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Мәтінді оқып, кейіпкерлерінің сөздерін ажыратыңыз.

**Жер:** Көтер басыңды, Толғанай, өзінді-өзің ұстай біл!

**Толғанай:** Жарайды, жарайды, қайтейін, қолымнан келер істен мен танбаймын. Сол бір күн есінде ме, Жер-ана?

**Жер:** Есімде болғанда қандай... Мен еш нәрсені ұмытпаймын ғай, Толғанай! Бар әлем тарихы менің өйынымда, сенің де бар шежірең, Толғанай. Мен де, менің жүрегім де, құлағым да сенде! Бүгін сенің бауырларыңды еске алатын күнің ғой.

**Толғанай:** Ертеңіне күн шықпай жұмысқа кірісіп кеттік. Жаппай қаз-қатар түскен орақшылар енді ғана бір-екі десте сала бергенде, алыстан шауып келе жатқан біреу көрінді...  
(Ш. Айтматов «Ана- Жер-Ана»)

№	Сөйлем	Жер	Толғанай
1	Көтер басыңды, Толғанай, өзінді-өзің ұстай біл		
2	Есімде болғанда қандай...		
3	Жарайды, жарайды, қайтейін, қолымнан келер істен мен танбаймын		
4	Сол бір күн есінде ме, Жер-ана?		
5	Мен де, менің жүрегім де, құлағым да сенде!		
6	Ертеңіне күн шықпай жұмысқа кірісіп кеттік.		

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Берілген үстеулерді мағынасына қарай екі топқа бөліп жазыңыз.

**Үстеулер:** тез, біраз, әдемі, сонша, балаша, бірталай.

Сын-қимыл үстеулері	Мөлшер үстеулері

## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### ЖАЗЫЛЫМ

Тест.

**1.Сөйлемді толықтырыңыз: Менің Отаным-**

А- сыйлы адамдар. Б-мұнай мен газ.

С- табиғи минералды заттар, Д-Қазақстан

**2. Пайдалы қазбаларға жатпайтын сөзді табыңыз.**

А-дала, орман, тау, Б-графит,апатит,калий тұзы.

С-кұм,тас,гранит, Д-көмір, газ, мұнай

**3.Мөлшер үстеуді анықтаңыз.**

А- Отан, Б-біраз.

С-өндіріледі, Д-Жер

**4.Мақалды жалғастырыңыз: Жері байдың- елі ...**

А-бай, Б-үлкен.

С-біраз, Д-тез.

**5.«Ана-Жер-Ана» шығарманың авторы кім?**

А-Ыбырай Алтынсарин. Б-Шыңғыс Айтматов.

С-Мұқағали Мақатаев. Д- Ахмет Байтұрсынов

**6. Шыңғыс Айтматов-кім?.**

А-қазақ жазушысы. Б-қазақ ақыны.

С-қырғыз жазушысы Д- кырғыз суретшісі

**7.Бұл шығарма кім туралы?**

А-отбасын сүю туралы. Б-еңбекті құрметтеу туралы

С-бала мен ана туралы. Д- ананың қиын тағдыры туралы

**8.«Ана-Жер-ана» шығарманың басты кейіпкері кім?**

А-халық. Б-Жер

С-Толғанай. Д- жазушы

**9.Толғанай қандай кейіпкер?**

А-ержүрек,еңбекқор. Б-қатал,зұлым

С-білімді. Д- жас

**10. Сын-қимыл үстеуді табыңыз.**

А-өлең жазды. Б-зорға айтады

С-бақыты бол. Д- қысқа жол

## 10-ТАҚЫРЫП: ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ –ҚАЗАҚСТАН МАҚТАНЫШЫ

**Оқу мақсаттары:** коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру; орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; жазба жұмыстарында сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану

### Сабақ тақырыбы: Олимпиада тарихы



#### АЙТЫЛЫМ

1- тапсырма. Сурет бойынша ,олимпиада сөзімен кластер құрап айтыңыз.



#### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарды толықтырыңыз.

Олимпиаданың эмблемасы бір-бірімен өріле қосылған бес сақинадан тұрады. Олар көгілдір, қара, қызыл, сары, және жасыл түстен құралады. Бұл бес құрлық спортшыларының «Олимпиадалық қозғалысқа бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып күш жұмсайық!» деген ниеттен аңғарылады. Мұнда «Жылдамырақ, биігірек, күштірек» ұраны да бар.

Бірінші Олимпиада жалауы 1914 жылы Парижде көтерілді. Ертеде алғашқы Олимпиада алауы Олимп тауында тұтылады.


1. Олимпиаданың эмблемасында ... сақина? А-не? Б- неше?, С- қайда? Д- қалай?
2. «Жылдамырақ, биігірек, күштірек»-бұл... ? А-не? Б- неше?, С- қайда? Д- қалай?
3. Бірінші Олимпиада жалауы ... қалада көтерілді? А-қай? Б- неше?, С- қайда? Д- қалай?
4. Ертеде алғашқы Олимпиада алауы ... тұтылады? А-қай? Б- неше?, С- қайда? Д- қалай?



#### ЖАЗЫЛЫМ


3-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Олимпиада эмблемасы



бес сақинадан тұрады  
алты сақинадан тұрады  
Жеті сақинадан тұрады

Бірінші Олимпиада жалауы



1912 жылы көтерілді  
1913 жылы көтерілді  
1914 жылы көтерілді

Алғашқы Олимпиада алауы



Енисей тауында тұтылды  
Олимп тауында тұтылды  
Тянь-Шань тауында тұтылды

## Сабақ тақырыбы: Спорт түрлері



### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша диалогты толықтырып айтыңыз.



- ... , Арман.
- Сәлем, .... Саған спорттың қай түрі ұнайды?
- Маған ... ұнайды.
- Сен бокс секциясына қатысасың ба?
- Иә, ...
- Марат, боксшы қандай болу керк?
- ... ,батыл болу керек
- Иә,мен де солай ойлаймын. Менің де боксшы болғым келеді.

**КЕРЕКТІ СӨЗДЕР:** *бокс, сәлем, қатысамын, күшті, Марат*

### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, кестені толтырыңыз.

Қазақ халқы ерте кезден-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлген. «Бәйге», «Қазақша күрес», «Аудараспақ», «Теңге алу», «Көкпар» сияқты көне ұлттық спорт ойындары аса зор дайындықты, шеберлікті, күшті, ақыл-айланы қажет еткен.

Қазіргі кезде грек-рим, еркін күрес, бокс, ауыр атлетика, шаңғы тебу спорт түрлері бар. Бұл спорт түрлерінен Қазақстан спортшылары Олимпиада ойындарында, Әлем және Азия чемпионатында, Азия ойындарында ерекше көзге түскен.

Көне спорт ойындары	Қазіргі спорт түрлері

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Талғаулы жалғаулықты қойып, сөйлемдерді жазыңыз.

- Мен дүйсенбі күні театрға .... кинаға барамын*
- Мен сейсенбі күні мұражайға ... көрмеге барамын*
- Мен сәрсенбі күні мектепке ... колледжге барамын*
- Мен бейсенбі күні тауға ... өзенге барамын*



## Сабақ тақырыбы: Бірінші байлық-денсаулық



### ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Бірінші байлық-денсаулық. Денсаулық - адамның ең қымбат дүниесі. Біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен айналысуымыз керек. Спорт түрлеріне футбол ойнау, шаңғы тебу, гимнастикамен айналысу жатады. Спортпен үнемі айналысуды ұмытпайық!

**Бірінші байлық** → махаббат  
→ денсаулық  
→ бақыт

**Денсаулық адамның** → өте тиімді дүние  
→ аса арзан нәрсе  
→ ең қымбат дүниесі

**Денсаулықты нығайту үшін** → спортпен айналысу керек  
→ тамақ жеу керек  
→ көп ұйықтау керек



### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Кластерді толықтырыңыз.



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Талғаулықты жалғаулықты толықтырып, сөз тіркестерді толықтырыңыз (немесе)

- Спорт ...музыка
- Күрес ... бокс
- Күшті ... батыл
- Бес ... алты
- Мен ... сен



## Сабақ тақырыбы: Универсиада

### АЙТЫЛЫМ.

1-тапсырма. Сурет бойынша **сөз /сөз тіркес / сөйлемі** құрып айтыңыз



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіз.

2011 жылы 29 қарашада Брюссельде Универсиаданың Алматыда өткізу туралы ресми шешім қабылданды. Осылайша Алматы бұрынғы кеңестік елдердің ішінде бірінші болып, 2017 жылы өтетін XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды. Бұған дейін 1973 жылы Мәскеу және 2013 жылы Қазан қаласы жастардың тек жазғы спорт ойындарын қабылдаған болатын. Универсиада туын Алматы қаласына беру салтанатты рәсімі 2015 жылғы 15 ақпанда Испанияның Гранада қаласында өтті.

№	сұрақ	№	жауап
1	Универсиаданың Алматыда өткізу туралы ресми шешім қашан және қайда қабылданды?	А	Алматы бұрынғы кеңестік елдердің ішінде бірінші болып, XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды
2	Қай қала бұрынғы кеңестік елдердің ішінде бірінші болып, XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды?	Ә	Универсиада туын Алматы қаласында беру салтанатты рәсімі Испанияның Гранада қаласында өтті.
3	Универсиада туын Алматы қаласына беру салтанатты рәсімі қашан өтті?	Б	Универсиада туын Алматы қаласына беру салтанатты рәсімі 2015 жылғы 15 ақпанда өтті
4	Универсиада туын Алматы қаласына беру салтанатты рәсімі қайда өтті?	В	2011 жылы 29 қарашада Брюссельде Универсиаданың Алматыда өткізу туралы ресми шешім қабылданды.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша сөздерді мағынасына қарай сәйкестендеріңіз. Сөйлем құрасырыңыз.

1	Алматы	а	ойындары
2	2017	ә	қысқы Универсиада
3	XXVIII	б	қаласында
4	29	в	жылы
5	спорт	г	қарашада







## Сабақ тақырыбы: Жеңімпаздар

### АЙТЫЛЫМ.

1-тапсырма. Сурет бойынша 1 -2 сөйлем құрап айтыңыз.



### ОҚЫЛЫМ.

2-тапсырма. Мәтінді оқып,

Қазақ халқының мақтанышының бірі- Қажымұқан Мұнайтпасов. Қажымұқан бала кезден күреспен айналысқан. Той-томалақтарда қарсылыстармен белдесіп, жеңіске жеткен. Уақыт өте келе, Мұқан кәсіпқой балуан болып, халықаралық жарыстарда қазақтың намысын қорғаған. Қажымұқан 28 мемлекетті аралады, қоржынына 56 медаль салып, қазақтың атын бүкіл әлемге танытқан.

№	сөйлем	дұрыс	бұрыс
1	Қазақ халқының мақтанышының бірі- Қажымұқан Мұнайтпасов		
2	Таймас бала кезден күреспен айналысқан		
3	Мұқан кәсіпқой балуан болып, халықаралық жарыстарда қазақтың намысын қорғаған		
4	Қажымұқан 38 мемлекетті аралады		
5	Ол қазақтың атын бүкіл әлемге танытқан.		



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлемдерге талғаулықты жалғаулықты қойып, жазыңыз.

(немесе)

Мен күрес ... бокс секциясына қатысамын. Қала ... аудан сайыстарға барамын .

Балуан 7 ... 8 жасынана күреспен айналысты. Сайыста алтын ... күміс медаль алады.

## Сабақ тақырыбы: «Шынықсаң,шымыр боласың»



### АЙТЫЛЫМ.

1- тапсырма. Суреттерді сөйлетіңіз.

### ТЫНДАЛЫМ. ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңді тындап, сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз

### «Шынықсаң,шымыр боласың».

Сағаттың тіліндей  
иіліп солға бір,  
Сағаттың тіліндей  
иіліп оңға бір  
Сағатқа қарап- ақ  
жаттығу оңай- ақ  
Қақпаға туралап,  
теп допты,оң аяқ  
Қақпаға туралап,  
теп допты сол аяқ  
Оң аяқ,сол аяқ,  
жаттығу оңай- ақ

№	Өлең жолдары	Реті
1	Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір..	
2	Оң аяқ,сол аяқ, жаттығу оңай ақ..	
3	Қақпаға туралап, теп допты,оң аяқ..	
4	Сағатқа қарап ақ жаттығу оңай –ақ.	
5	Сағаттың тіліндей иіліп солға бір,..	
6	Қақпаға туралап, теп допты сол аяқ..	

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Азия ойындары - ...жылдан бері өткізілетін спорт жарысы.

Азия ойындары бірінші... болған Азия ойындары .. жыл сайын өткізіледі

Ойындардың жалпы ұзақтығы ... .. күн

**КЕРЕКТІ  
СӨЗДЕР:**

**жеті-он алты,  
1951,Нью-Делиде,  
төрт**



## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### ЖАЗЫЛЫМ

Тест.



**1.Сөйлемді толықтырыңыз: Денсаулық -**

А- бәріне керек. Б-спорттың түрі  
С- бірінші байлық, Д-жеңіске жеткізеді

**2. Спорт түрлеріне жатпайтын сөзді табыңыз.**

А-күрес, Б-жеңіл атлетика.  
С-шаңғы тебу, Д-тауға шығу

**3.Талғаулықты жалғаулықты анықтаңыз.**

А- неге, Б-немесе  
С-нліктен, Д-ненің

**4.Қазақ атақты балуанды анықтаңыз:**

А-Қажымұқан Мұнайтпасов, Б-үлкен.  
С-біраз, Д-тез.

**5.Сөйлемді жалғастырыңыз: «Қажымұқан бала кезден...**

А- күреспен айналысқан. Б- бокспен айналысқан.  
С- шаңғымен айналысқан. Д- атлетикамен айналысқан

**6. Универсиада2017 жылы қай қалада өтті?**

А-Шымкент. Б-Астана.  
С-Алматы,Д- Қызылорда

**7. «Шынықсаң,шымыр боласың» өлең не туралы?**

А-отбасын сүйу туралы. Б- еңбекті құрметтеу туралы  
С-бала мен ана туралы. Д- спортпен айналысу туралы

**8. Өлеңнің жолдарын жалғастырыңыз: «Қақпаға туралап,... ...**

А- Сағатқа қарап ақ жаттығу оңай ақ  
Б- Сағаттың тіліндей иіліп солға бір  
С-теп допты,оң аяқ.  
Д- жаттығу оңай ақ

## 11-ТАҚЫРЫП: АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА !!!

**Оқу мақсаттары:** тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау; тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру; орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау. Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, өмірбаян жазу, себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орындықолдану

### Сабақ тақырыбы: Абай



#### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Диалогті аяқтаңыз, тиісті қосымшаларды қойыңыз.

- Сәлем, Алуа!
- Сәлем, Дана!
- Не оқып отыр –(сың,-сің)?
- Өлең оқып отыр (-мын,-мін).
- Қандай өлең?
- «Әсемпаз болма әрнеге»
- Бұл өлеңді кім жаз (-ған, ген)?
- Абай Құнанбайұлы. Сен оны біле (-сің,-сың) бе?
- Ия, естідім, ол –ұлы қазақ ақын (-ы,-і)
- Дұрыс айта(-сың,-сің), Алуа! Кел, бірге оқи (-мыз,-міз).



#### ОҚЫЛЫМ.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөйлемдерді жалғастырып , кестені толтырыңыз.

Абай кішкентай кезінен батыл, жігерлі, алғыр бала болған. Оны әжесі мен анасы тәрбиелеген.

Баланың шын аты Ибраһим болған, бірақ әжесі «ойлы, абайлағыш болсын» деп сүйікті немересін Абай деп атаған.

Абай қара торы, екі көзі тостағандай үлкен әрі өткір, кең маңдайлы бала болды. Мінезі ширақ, ұғымтал, бір көргені мен естігенін ұмытпайтын еді.

Сөйлемнің басы	жалғасы
Абай кішкентай кезінен...	А-...Ибраһим болған Ә-...Абай болған Б-... Әбіш болған
Оны әжесі мен анасы...	А-...сүйікті баласын Абай деп атаған Ә-...сүйікті немересін Абай деп атаған. Б-...сүйікті әкесін Абай деп атаған
Баланың шын аты...	А-... ақылды, сауатты бала болған Ә- ... күшті, денелі бала болған Б-...батыл, жігерлі, алғыр бала болған
әжесі «ойлы, абайлағыш болсын» деп...	А- ... ұғымтал, бір көргені мен естігенін ұмытпайтын еді. Ә-...өзімшіл, естігенін ұмытпайтын еді. Б-... көрікті , сымбатты еді.
Абай қара торы, екі көзі тостағандай...	А-...тәрбиелеген. Ә-...өмір сүрген Б-... оқыған
Мінезі ширақ,...	А-... қыр мұрынды бала болды, Ә-...үлкен әрі өткір, кең маңдайлы бала болды



## ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен төмендегі берілген сөздерді орысша аударып, синонимін тауып жазыңыз.


Сөздер	Аударма сөздер	Синонимдер
жігерлі	ребенок	шеше
ана	мама	қайратты
бала	энергичый	Сәби
абай	осторожный	сақ

## Сабақ тақырыбы: «Құлақтан кіріп, бойды алар»



### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Абай- қандай бала?» деген сұраққа жауап беріп, кластерді толтырыңыз:



### ОҚЫЛЫМ.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, өлең жолдарын сәйкестендіріп, оқыңыз.

Абайдың ерекше көңіл бөлген тақырыптарының бірі ән болатын. Ол әнге ерекше мән берген. Абай тек ән шығарушы ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы да бола білген. Мысалы, «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй...» атты өлеңінде ән құдіретіне терең мән берген.

Құлақтан кіріп, бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй.

Дүние ойдан шығарады,  
Өзімді-өзім ұмытып,  
Көңілім әнді ұғады,  
Жүрегім бойды жылытып...

<i>Өлеңнің басы</i>	<i>жалғасы</i>
Құлақтан кіріп....	....менше сүй.
Жақсы ән мен....	....ой салар
Көңілге түрлі....	....бойды алар
Әнді сүйсең....	....тәтті күй.

### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Абайдың ерекше көңіл бөлген тақырыптарының бірі ... болатын.

Ол әнге ерекше ... берген.

Абай тек ән шығарушы ғана емес, ән-күйдің әділ ... да бола білген.

**КЕРЕКТІ  
СӨЗДЕР:**  
*мән, сыншы, ән*





## Сабақ тақырыбы: Табиғат лирикасы

### АЙТЫЛЫМ.

1-тапсырма. Сурет бойынша сөз тіркестерді жыл мезгілімен сәйкестіріп айтыңыз

Ә-жеміс-жидек піседі

А-жапырақтар сарғаяды



Б- боран соғады, аяз болады

В-қар, мұз еріп, су ағады



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз

Абай өлеңдерінің біралуаны- табиғат лирикасы. Табиғат- адам баласының еңбек еетіп, өмір сүретін ортасы. Абай асқан шеберлікпен жылдың төрт мезгіліне арнап өлең жазды. «Жазғытұрым», «Жаз», «Күз», «Қыс» атты өлеңдерінде табиғаттың тылсым құбылыстарын шынайы өмірмен астастыра суреттейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың. Абайдың өлеңдерінде күнделікті өмір, адамдардың күнкөрісі мен іс-әрекеті және өзінің де көңіл күйі анық көрінеді.

1. Абайдың алуан өлеңдерінің тақырыбы қандай?
2. Жыл мезгілдеріне арналған өлеңдер қалай аталады?
3. Абайдың өлеңдерінде не анық көрінеді?



### ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып, жазыңыз.

... сақылдаған аязы мен қарлы бораны ұнайды. ...қар еріп, күн жылынып, табиғат оянады. Мен ...өзенге шомылып, орманда көп қыдырамын. Абай түсі суық тұманды ... суреттейді.

**КЕРЕКТІ СӨЗДЕР:** күзді, қыс, көктемде, жазда

## Сабақ тақырыбы: Күз-береке бастауы



### ТЫНДАЛЫМ, ОҚЫЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тыңдап, өлең жолдарын ретімен орналастырыңыз:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып ,дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін, тойғаны ма, тонғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынана айырылған ағаш, қурай...

1. Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
2. Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
3. Білмеймін, тойғаны ма, тонғаны ма,
4. Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.



### АЙТЫЛЫМ.

2-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті сөздерді таңдап, диалогті құрастырып оқыңыз.

- Сен Абай Құнанбаевты білесің бе?
- Иә, (білемін, білмеймін).
- Ол-кім?
- Қазақ (ақыны, суретшісі).
- Иә, Абай Құнанбаев көптеген (өлеңдерді, суреттерді) жазды.
- Сен ақынның қандай өлеңін оқыдың?
- Мен «Күз» атты өлеңін (көрдім, оқыдым)

### ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Күзде жиі-жиі жаңбыр жауады. Ауа райы салқын, бұлтты болады. Оқушылар мектепке барады. Адамдар күзде астық жинайды.

Сұрақтар:

1. Күз мезгіліне қандай айлар жатады?
2. Күзде не жауады?
3. Ауа райы қандай болады?
4. Оқушылар қайда барады?





5. Адамдар күзде не істейді?



### **ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Себеп-салдар жалғаулықтарды қойып, сөйлемдерді жазыңыз.

**(себебі/ сондықтан)**

*Жаңбыр жауды, ... мен қолиатыр алдым.*

*Ауа райы суық, ... жылы киім киеміз*

*Оқушылар мектепке барады, ... жазғы демалыс бітті.*

## Сабақ тақырыбы: Қыс



### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша ассоциациялар келтіру.



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңді оқып, сөз тіркестерді сәйкестендіріңіз.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.  
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң-қыс келіп әлек салды.  
Ұшпайды бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.  
Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.  
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат аақ орда үй шайқалады.  
Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды...

Ақ...	...үскірік, аяз бен қар
Үсті-басы...	...қыс келіп әлек салды
Дем алысы –..	...қызарып ажарланды
Кәрі құдаң-...	...ақ қырау, түсі суық
Аязбенен...	... қар жауып, мазанды алды
Басын сіліксе,...	...киімді, денелі



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлемдерді себеп-салдар жалғаулықтармен (**сондықтан, өйткені**) толықтырыңыз

Маған қыс мезгілі ұнайды, ... қыста көп қызықты ойындар ойнаймыз.  
Бүгін қатты аяз, ... мектепке бармадым.  
Далада аппақ, ... тоқтаусыз қар жауып тұр.  
Қыста аппақ қар жауады, ... Абай қысты «ақ киімді» дейді.

## Сабақ тақырыбы: Жаз



### **АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, **қандай жыл мезгілі** туралы айтылатынын анықтаңыз.

Жазда шөпті жинасаң,  
Қыста мал азығы

Жаздағы жаңбыр  
Нұрмен тең.

Шаруа жазда жазылар,  
Қыста қысылар.

Күз әуені жаздан белгілі.

Жаздағы жаңбыр-  
Жерге жауған нұр.



### **ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Берілген сөздердің аудармасын тауып сөздерді сәйкестендіріңіз, сөз тіркестер құрыңыз.

**қазақша**  
жаздыгүн  
шілде  
шалғын  
өзен  
ауыл  
құлын

**орысша**  
июль  
луг  
деревня  
летом  
жеребенок  
река



### **ОҚЫЛЫМ**

3-тапсырма. Өлеңді түсініп оқы, сұрақтарға жауап беріңіз.

Жаздыгүн шілде болғанда,  
Көгорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда;  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғынның жоны қылтылдап,  
Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып ыңкылдап,  
Суда тұрып шыбындап,  
Құйрығымен шылпылдап,  
Арасында құлын-тай,

Айнала шауып бұлтылдап...

- 1.Өлең қай жыл мезгілі туралы?
- 2.Жаздың қай айы аталады?
3. Қандай жануарлар туралы жазылған?
- 4.Өлеңді оқыған кезде, нені елестесіз?
- 5.Өлеңнің авторы кім?



### **ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сурет салыңыз

## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ.



### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. Абай Құнанбаев- кім?**

А) ақын В) сәулетші С) әнші Д) суретші Е) ғалым

**2. Абайдың шын есімі кім?**

А) Құнанбай В) Ораз С) Ибраһим Д) Абай Е) Ғалым

**3. Абайды кімдер тәрбиелеген?**

А) атасы В) ауыл молдасы С) әкесі Д) әжесі мен анасы Е) достары

**4. Абай қандай тақырыптарға өлеңдер жазған?**

А) қуат көзі В) Қазақстан тарихы С) соғыс жылдары Д) өнер, табиғат Е) көне қалалар

**5. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды**

**Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.**

**Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,**

**Басқан жері сықырлап келіп қалды...» қай өлеңнің үзіндісі?**

А) «Жазғытұрым» В) «Жаз» С) «Әсемпаз болма әрнеге» Д) «Күз» Е) «Қыс»

**6. Жаз мезгіліне арналған өлеңнің үзіндісін анықтаңыз.**

А) Жаздыгүн шілде болғанда,

Көгорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда

В) Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң-қыс келіп әлек салды.

С) Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Д) Құлақтан кіріп, бойды алар

Жаксы ән мен тәтті күй.

**2-тапсырма. Сөздерді пайдаланып сөйлемдер құрастырыңыз.**

Ақын, белгілі, әже, өлең, тәрбиеледі, табиғат, жазды, Абай.

## 12-ТАҚЫРЫП: ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ

**Оқу мақсаттары:** тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тындау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау; тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу; тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу

### Сабақ тақырыбы:Қазақ қолөнері



#### **АЙТЫЛЫМ**

1 -тапсырма. Сурет бойынша сөздерді оқып, сөз тірекес, сөйлем келтіріп айтыңыз.



**Өнер**  
**Қолөнер**  
**Ою**  
**Ою-өрнек**



#### **ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, ақпараттың дұрыстығын айтыңыз.

Қазақ ұлттық мәдениетінің көне әрі аса құнды салаларының бірі- қолөнер, оның ішінде ою-өрнек.Ою-өрнектер-әсемдік пен сәнділіктің белгісі. Сонымен бірге халықтың арман-ойын, тілек-мүддесінің нышаны. Ою-өрнектің мазмұнды ерекшеліктері сан алуан. Сонау жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда өз ойын тасқа ,сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы сүйек ою өрнері, ағаш ою өнері деген сөздер- сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар. Қолөнердің сала- саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне әрі күрделі түрі- ою-өрнек өнері.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Қазақ ұлттық мәдениетінің көне әрі аса құнды салаларының бірі- қолөнер		
Ою-өрнектер-батылдық пен қайраттың белгісі		
Ерте заманда өз ойын тасқа ,сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған		
Қолөнердің өте жаңа әрі жеңіл түрі- ою-өрнек өнері.		



#### **ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтін бойынша кластерді толтырыңыз.




## Сабақ тақырыбы: Апамның астауы



### АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма. Сөздерді оқып, суреттер бойынша сөз тірекес, сөйлем келтіріп айтыңыз.



Әже  
Апа  
Ас  
Астау  
Асырады  
Ескі



### ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, қарамен белгіленген сөздердің аудармасын тауып, жазыңыз.

Жаз шыға, бәріміз Апам есіп берген жіпті алып, **тоғайға отынға** аттанатынбыз. Бір-бір арқа отын көтеріп, ең алда Апам, содан кейін біздер күліп-ойнап келе жатар едік.

**Қыстық шөпті** де жаздай арқалап тасып, қораны маяға толтырып қоятынбыз...

... Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын **асыраған** Апамның теректен ойып жасаған **ескі астауы**... Ол ескі астау әкемнен де үлкен ...

Қазір Апам жоқ! Сексен жыл **жолдас** болған ескі астауы қаңсып қалды, әне...



### ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыңыз.

Жаз шыға, бәріміз ... бірге **тоғайға отынға** аттанатынбыз. Ертрете әкемізді, оның іні-қарындастарын ... Апамның ескі астауы. Сексен жыл жолдас болған ескі ... қаңсып қалды...

**КЕРЕКТІ СӨЗДЕР:** Апам, асыраған, астауы.

## Сабақ тақырыбы: «Оюлар»



### **АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті сөздерді таңдап, диалогті құрастырып оқыңыз.

- Сен Фариза Оңғарсынованы білесің бе?
- Мен Фариза Оңғарсынованы (білемін,білмеймін).
- Ол-кім?
- Қазақ (ақыны, суретшісі).
- Иә, Фариза Оңғарсынова көптеген (өлеңдерді, суреттерді) жазды.
- Сен ақынның қандай өлеңін білесің?
- Мен «Оюлар» атты өлеңін (білемін, оқимын)



### **ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма.Өлеңді тыңдап, өлеңнің жолдарын толықтырыңыз

Түрін-ай текеметтің! Асыл ....!  
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.  
«Келе ғой, ... өзіме!»-деп,  
... кеп сипағандай шашымнан жай.

Күйімді кешсендер –ау сол беттегі,  
Тұрғандай ... көңіл тербетіп мені.  
Жан бітіп жайрандады жан-жағымнан  
... қошқармүйіз өрнектері.

**Керекті сөздер:**

қошақаным, қандай, әжем, қазақтың



### **ОҚЫЛЫМ**

3-тапсырма. Өлеңді оқып, сөйлемдерді ретімен қойып, оқыңыз.

1. «Келе ғой, қошақаным, өзіме!»-деп,
2. Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.
3. Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.
4. Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!



### **ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Суреттер мен сөздерді сәйкестендіріңіз,сөз тіркес құрастырыңыз.



**Жіп,**

**Ине,**

**Қайшы,**

**Ілмек**





## Сабақ тақырыбы: Ұлттық қолөнер бұйымдары

### **АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Сурет бойынша жақшаның ішіндегі қажетті сөздерді тандап, диалогті құрастырып айтыңыз.



- Суретте не бейнеленген?
- Суретте (ыдыс, киім) бейнеленген.
- Ыдыс неден жасалған?
- Ыдыс (алтыннан, ағаштан) жасалған.
- Сен қандай ұлттық ыдысты білесің?
- (астау, сақина) деген ыдысты білемін.
- Ыдыс немен безендірілген?
- Ыдыс (қағазбен, ою-өрнекпен) безендірілген



### **ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақтың ағаш ыдыстарының өзіндік ерекшеліктері-оның көлемділігі. Мысалы, бұрын қазақ ауылдарында бір қойдың еті тұтас сыйып кететін керен тәрізді ыдыстар болған. Қазір де оның кейбір түрлері ел ішінде сақтаулы. 1871 жылы Семейдегі көрме ұйымдастыру комитеті өзінің хаттама құжаттарында қазақтың тек қашау мен пышақ арқылы қайың ағашынан ыдыстарды өте шебер жасайтынын жазған. Жалпы қазақ халқында қолөнер шеберлері жасаған ыдыстарының 65 түрі кездеседі.

1. Қазақтың ағаш ыдыстарының өзіндік ерекшеліктері қандай?
2. Нешінші жылы Семейдегі көрме ұйымдастырылған?
3. Қолөнер шеберлері жасаған ыдыстарының қанша түрі кездеседі?



### **ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлемдерді сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жазыңыз.

1. ел ішінде, Қазір де, сақтаулы, кейбір түрлері, оның,
2. Қазақтар, қайың ағашынан, ыдыстарды, шебер жасаған, қашау мен пышақ арқылы
3. қойдың еті, бұрын, ыдыстар болған, тұтас сыйып кететін,



Сабақ тақырыбы: Өнер-таусылмас азық.

## АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретті пайдаланып, сөз тіркес, сөйлемді құрастырыңыз.



## ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ою-өрнек- тұрмыста бір бұйымның бетін әшекелеу үшін қолданылатын нақыш өрнек. Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер әртүрлі тәсілдерді қолданады. Ою-өрнек үлгісінде әр халықтың ерекшеліктері, халықтық келбеті айқын танылады. Бізге жеткен ою-өрнек үлгілері –бай мұра, сарқылмас қазына. Қазақ қолөнерінде ою-өрнек өте кеңінен қолданылады. .

	ИӘ	ЖОҚ
Ою-өрнек- тұрмыста бір бұйымның бетін әшекелеу үшін қолданылатын нақыш өрнек		
Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер бір тәсілдерді қолданады ма?		
Ою-өрнек үлгісінде әр шебердің ерекшеліктері, оның келбеті айқын танылады		
Бізге жеткен ою-өрнек үлгілері –бай мұра, сарқылмас қазына ма?		



## ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңыз. Қолөнерге қатысты сөздердің астын сызыңыз.

Ер қадірін ел білер,  
Зр қадірін зергер білер.

Ана көрген тон пішер,  
Әке көрген оқ жонар.

Өнершінің қолы алтын,  
Өлеңшінің сөзі алтын.



## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ.

### **ЖАЗЫЛЫМ**

**1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. Фариза Оңғарсынова- кім?**

А) ақын В) сәулетші С) әнші Д) суретші Е) ғалым

**2. Ақынның қандай өлеңін білесіз?**

А) «Апамның астауы» В) «Жаз» С) «Оюлар» Д) «Күз» Е) «Қыс»

**3. Қолөнерге қатысы жоқ сөзді табыңыз:**

А) астау В) ағаш ыдыс С) ою-өрнек Д) шебер Е) өлең

**4. «Апамның астауы» шығарманың бас кейіпкері кім?**

А) әке В) Апа С) балалар Д) іні-қарындастар

**5. «Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!**

Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай...» қай өлеңнің үзіндісі?

А) «Апамның астауы» В) «Жаз» С) «Оюлар» Д) «Күз» Е) «Қыс»

**2-тапсырма. Сөздерді пайдаланып сөйлемдер құрастырыңыз.**

Текемет, әже, ою-өрнек, безендірді, ағаш ыдыс, астау, көлемді.

## 13-ТАҚЫРЫП: ӨЛКЕНІ СИПАТТАУ ӨНЕРІ

**Оқу мақсаттары:** шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау; мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру; мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау; жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру

### Сабақ тақырыбы: Өлкені сипаттау өнері

#### АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Диалогті аяқтаңыз, тиісті қосымшаларды қойыңыз.

- Сәлем, Алуа!
- Сәлем, Дана!
- Не қарап отыр –(сың,-сің)?
- Қазақстан картасын қарап отыр (-мын,-мін).Өлкемізде көптеген көрікті жерлер бар
- Ол қандай жерлер?Айтшы!
- Көкшетауда Бұрабай ұлттық паркі бар. Ал Алатау тауларында Шымбұлақ тау-шаңғы курорты бар.
- Сен ол жақта болды (-ң, -м) ба?
- Ия, болды (-м,-ң). тӨлкеміздің тамаша, әсем табиғаты бар!

#### ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздерді аударып, кестені толтырыңыз.

қазақша ↔ орысша

шаруашылық ↔

айналысады ↔

бидай ↔

мақта ↔

балық ↔

#### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тындап, сурет салыңыз

Адамдар ауылда мал шаруашылығы, егін шаруашылығымен айналысады. Қазақстан бидай экспортудан 11 орныда тұр. Тек өзіміз ғана емес, шетел елдерді де нанмен

қамтымасыз етеміз. Еліміздің оңтүстігінде мақта шаруашылығы да дамыған. Мақтадан жіп,мақта ,киім жасайды. Сонымен қатар , балықтың көптеген түрлерін өндейді, тұздалған, консервленген, мұздатылған түрлері бар.

## Сабақ тақырыбы: Туған жердің таланттары



### ОҚЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз,кестені толығыңыз

Хакімжанова Мәриям- ақын,Қазақстанның халық жазушысы,ақыны. 1906 жылы Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мезгіл ауылында дүниеге келген.

Ақынның тұңғыш өлеңі 1929 жылы жазылған, ал 1935 жылы «Женешем өлеңдері» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Мәриям Хакімжанова балаларға арналған көптеген өлеңдер, «Бөбегім менің-өлеңім менің» атты суретті кітапшаның авторы.

Қостанай қаласында мектеп, көше Мәриям Хакімжанованың есімі берілді.



### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма.Сұрақтарға жауап беріңіз. Диалог құрастырыңыз.

- Хакімжанова Мәриям?
- ... ..
- Ол қайда дүниеге келді?
- .... ..
- Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады?
- ... ..
- Мәриям Хакімжанова балаларға нелер жазды?
- ... ..
- Мәриям Хакімжанованың есімімен нелер аталған?
- ...,....

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3-тапсырма.Берілген сөздерге антоним сөздерін тауып жазыңыз, сөйлемдер құрастырыңыз.

Сөздер	Антонимдер
бала	дүниеге келеді
алғашқы	ата
қайтыс болды	соңғы



## Сабақ тақырыбы: Туризм



### **АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Диалогті аяқтаңыз, тиісті қосымшаларды қойыңыз.

- Сәлем, Алуа!
- Сәлем, Дана!
- Не қарап отыр –(сың,-сің)?
- Қазақстан картасын қарап отыр (-мың,-мін).Өлкемізде көптеген көрікті жерлер бар
- Ол қандай жерлер?Айтшы!
- Көкшетауда Бұрабай ұлттық паркі бар. Ал Алатау тауларында Шымбұлақ тау-шаңғы курорты бар.
- Сен ол жақта болды (-ң, -м) ба?
- Ия, болды (-м,-ң). Өлкеміздің тамаша, әсем табиғаты бар!



### **ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз,сұрақтарға жауап еріңіз.

Кең даламызда саяхатты дамытуға мол мүмкіндік бар.  
Бүгінгі таңда белсенді тынығудың кең тараған түрі-саяхат. Саяхат- белгілі аймақтыпен танысу, оны зерттеу және тағы басқа мақсатпен іске асырылатын шаралар. 18-19 ғасырларға дейінгі саяхаттар елдердің табиғатын, халқын, тарихын шаруашылығын зерттеу үшін жасалды.  
Саяхаттар географиялық экспедициялармен тығыз байланысты.

**1.Кең даламызда нені дамытуға мүмкінді мол?**


**2.Саяхат деген –не?**

**3.18-19 ғғ саяхаттар не үшін жасалды?**



### **ЖАЗЫЛЫМ**


3-тапсырма. Үндестік заңын ескеріп, қосымшаны дұрыс жалғаңыз.



## Сабақ тақырыбы: Шоқан зерттеулері



### АЙТЫЛЫМ



**1-тапсырма. Берілген сөздерді суретпен сәйкестеріңіз.**

1. Суретке қараңыз, кімді көріп отырсыз?

А) Абай Құнанбаев В) Тоқтар Әубәкіров С) Шоқан Уәлиханов Д) Әбілхан Қастеев.

2. Шоқан Уәлиханов - кім?

А) ақын В) ғарышкер С) ғалым-тарихшы Д) суретші.



### ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Мәтінге сүйеніп ақпараттың дұрыстығын тексер.**

Шоқанды әкесі жеті жасында ауыл мектебіне оқуға береді. Зерек бала сабаққа алғыр болады. Әсіресе тарих, өлкетану пәндерін өте жақсы оқиды.

Шоқан сол кезде қазақ тарихын көп зерттеген. Халық мақалдарын, аңыз-әңгімелерін жақсы біледі.

Мектеп мұғалімдері Шоқанды үлкен ғалым болады деген. Шоқан 22 жасында Орыс жаңрапия қоғамының мүшесі болып сайланды. Ол 1858-1859 жылдары Қашқария сапарын жасады, дүниежүзілік ғалымға үлес қосты.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Шоқанды әкесі алты жасында ауыл мектебіне оқуға береді		
Абай сол кезде қазақ тарихын көп зерттеген		
Мектеп дәрігері Шоқанды үлкен ғалым болады деген.		
Шоқан 25 жасында Орыс жаңрапия қоғамының мүшесі болып сайланды		
Ол дүниежүзілік ғалымға үлес қосты.		

### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма. Сөйлемдерді керекті сөзбен толықтырып жазыңыз.**

Шоқан Уәлиханов - қазақтың ұлы ....

Ол Жоңғария, .... елдеріне сапар жасады.

Шоқан қазақ ... , мәдениетін , әдебиетін көп зерттеді.

Ғалым дүниежүзілік ... үлес қосты.

**Керекті сөздер:**

**ғылымға, Қашқар, тарихын, ғалымы.**







## Сабак тақырыбы: Жоңғария очерктері

### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Аудиомәтінді тындап, жерлерінің атауларын жазып алыңыз, суретін салыңыз.

Мен өзімнің Алатау қырғыздары ордасына саяхат жасап барып қайтқан сапарымды ғана баяндап бергім келеді.

Саяхатымды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге менің Жоңғарияға барған сапарым, яғни Жетісу, Іле өлкелерін аралап, Ыстықкөлде болуым жатады. Мен Жоңғарияда алғаш рет 1856 жылы болдым. Жоңғарияда мен 5 ай болып, Алакөлден Тянь-Шаньға дейін бардым.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Саяхатымды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге менің Жоңғарияға барған сапарым, яғни Жетісу, Іле өлкелерін аралап, Ыстықкөлде болуым жатады. Мен Жоңғарияда алғаш рет 1856 жылы болдым. Жоңғарияда мен 5 ай болып, Алакөлден Тянь-Шаньға дейін бардым.

Қазіргі уақытта Жоңғарияда екі түрлі халық тұрады. Буряттар немесе нағыз қырғыздар және үйсін деп аталатын Ұлы жүз қазақтары. Көптеген қырғыз-қазақтардың ертегілері, мифтерін, эпос, жырларын және аңыздарын жинадым. Олар Еуропа халықтарының шағармаларына ұқсайды.

1. Шоқанның саяхатын неше кезеңге бөлуге болады?
2. Жоңғарияда алғаш рет қай жылы болды?
3. Жоңғарияда неше ай болыпты?
4. Ол елде қай халықтар тұрады екен?
5. Ғалым қырғыз-қазақ елдерінің несібін жинады?

### ЖАЗЫЛЫМ

**1- тапсырма.** « Адамның әріптері » ойыны. Сөздер құрастырып, аудармасын жазыңыз, 2-3 сөйлем құрастырыңыз.  
пасар, наШқо, Жрияғаоң, ғызқыр, ратих.





## Сабақ тақырыбы: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### ЖАЗЫЛЫМ

Тест.

**1.Еліміздегі көлдердің атауларын табыңыз.**

А-Балқаш,Алакөл,Зайсан. Б-Тарбағатай,Ұлытау,Көкшетау.

С-Рейн,Днепр,Іле,Сырдария, Д-Түркістан, Тараз,Отырар

**2. Сөйлемді толықтырыңыз: ...- Қазақстадағы көрікті жерлерінің бірі.**

А- Балқаш . Б-Тарбағатай.

С- Бұрабай, Д-Сырдария

**3.Сұраққа жауап беріңіз:Хакімжанова Мәриям-кім?**

А-философ. Б-ақын

С- аудармашы. Д- ғалым

**4.Сұраққа жауап беріңіз: Мәриям қайда дүниеге келген?**

А- Қостанай облысы Қарасу ауданы Майкөл ауылында дүниеге келген.,

Б- Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Мезгіл ауылында дүниеге келген

С- Қарағанды облысы Алтынсарин ауданы Нарынкөл ауылында дүниеге келген,

Д- Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Шалқар ауылында дүниеге келген

**5. Мәриям Хакімжанова балаларға нелер жазды?**

А-роман. Б-ән

С-мақал-мәтел. Д- өлең

**6. Сөйлемді жалғастырыңыз: Бүгінгі таңда белсенді тынығудың кең тараған түрі-...**

А-кітап оқу. Б-компьютерлік ойындар

С- саяхат . Д- кино қарау

**7.Сусыз не жоқ ?**

А-орман. Б-ағза

С-өмір. Д- өлең

**8..Шоқан Уәлиханов- кім?**

А) ақын В) ғарышкер С) ғалым-тарихшы Д) суретші.

**9. Сөйлемді толықтырыңыз: Шоқан Уәлиханов- ..... ұлы ғалымы,тарихшы .**

А) қазақтың В) қырғыздың С) Д) орыстың

**10. Шоқан Уәлиханов қайда саяхат жасаған?**

А-Америкаға. Б-Жоңғарияға

С- Ресейге Д- Англияға

## Пайдаланған әдебиеттер:

- 1- <https://okulyk.kz/6-class/>
- 2- <https://erketai.kz/kazakh-tili/khazakh-tili-kabineti/>
- 3- <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/>
- 4- <https://kitap.kz>
- 5- <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 6-